



ISSN 2308-9865

№4,
2015

МЕХАНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ғылыми журналды



Научный журнал

МЕХАНИКА И ТЕХНОЛОГИИ



Scientific Journal

MECHANICS & TECHNOLOGIES



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«М.Х. ДУЛАТИ атындағы
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ»
ШЖҚ РМК



МЕХАНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ISSN 2308-9865

Ғылыми журнал
1994 жылдың қаңтарынан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

№ 4 (50)
Қазан-желтоқсан
2015 ж.

Бас редактор И.И. Бекбасаров

Бас редактордың орынбасары Д.К. Джакияев

Редакция алқасы: Н.А. Абиев, К.И. Баданов, И.И. Бекбасаров,
Ю.Л. Винников, Т.П. Герасимович, Н.А. Горбатовская,
Д.К. Джакияев, М.М. Мукимов, М.И. Никитенко, С.К. Нурпеисов,
Х.Р. Садиева, А.Н. Семернин, Н.А. Смирнова, А.Н. Шевцов,
А.Г. Шлейкин, Я. Шульц

Корректор және компьютерлік беттеу Е.И. Атенов

Редакция мекен-жайы:

080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 60.

Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.

<http://mit.zhambyl.kz> E-mail: bekbasarov.isabai@mail.ru

Тіркеу куәлігі №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж
(08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013)

Басуға қол қойылған күн 30.10.2015. Форматы 70×180/16. Шартты баспа
табағы 15,9. Тираж 300 дана. Тапсырыс 2812.

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Тараз
университеті» баспасы. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 60.

© М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, 2015

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РГП на ПХВ
«ТАРАЗСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени М.Х. ДУЛАТИ»



МЕХАНИКА И ТЕХНОЛОГИИ

ISSN 2308-9865

Научный журнал
Издается с января 1994 года
Выходит четыре раза в год

№ 4 (50)
Октябрь-декабрь
2015 г.

Главный редактор И.И. Бекбасаров

Заместитель главного редактора Д.К. Джакияев

Редакционная коллегия: Н.А. Абиев, К.И. Баданов, И.И. Бекбасаров,
Ю.Л. Винников, Т.П. Герасимович, Н.А. Горбатовская,
Д.К. Джакияев, М.М. Мукумов, М.И. Никитенко, С.К. Нурпеисов,
Х.Р. Садиева, А.Н. Семернин, Н.А. Смирнова, А.Н. Шевцов,
А.Г. Шлейкин, Я. Шульц

Корректор и компьютерная верстка Е.И. Атенев

Адрес редакции:

080012, г. Тараз, ул. Толе би, 60.

Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.

<http://mit.zhambyl.kz> E-mail: bekbasarov.isabai@mail.ru

Свидетельство о регистрации №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999),
№4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013)

Подписано в печать 30.10.2015. Формат 70×180/16. Усл. печ. л. 15,9. Тираж
300 экз. Заявка 2812.

Издательство «Тараз университеті» Таразского государственного
университета им. М.Х. Дулати. 080012, г. Тараз, ул. Толе би, 60.

© Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, 2015

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



TARAZ STATE UNIVERSITY
named after M.Kh. DULATI

MECHANICS & TECHNOLOGIES

ISSN 2308-9865

Scientific Journal

Published since January 1994

Published four times a year

№ 4 (50)

October-December
2015

Editor in chief I.I. Bekbasarov

Deputy Editor in Chief D.K. Jakiyaev

Editorial board: N.A. Abiev, K.I. Badanov, I.I. Bekbasarov,
T.P. Gerasimovich, N.A. Gorbatovskaya, D.K. Jakiyaev, M.M. Mukimov,
M.I. Nikitenko, S.K. Nurpeisov, Kh.R. Sadieva, J. Schulz, A.N. Semernin,
N.A. Smirnova, A.N. Shevtsov, A.G. Shleikin, Yu. L. Vinnikov

Press-corrector and computer page makeup Ye.I. Atenov

Editorial address:

080012, Taraz, Tole bi street, 60.

Tel.: 8 7262 45-35-10, fax: 8 7262 43-24-02.

<http://mit.zhambyl.kz> E-mail: bekbasarov.isabai@mail.ru

Registration certificate №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013)

Signed in print 30.10.2015. Form 70×180/16. Cond. print. sh. 15,9. Edition 300 copies. Application 2812.

Printing House «Taraz University» of Taraz State University
named after M.Kh. Dulati. 080012, Taraz, Tole bi street, 60.

© Taraz State University named after M.Kh. Dulati, 2015

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

МАТЕМАТИКА

Жақаш А.Т., Райымова А.М., Джакашова Э.А. Беріліс қатынастары арқылы топсалы төрттікшіліктің синтезі	6
Жақаш А.Т., Таласбаев А.А. Екі резонансты вибрациялық машинаның өзіндік синхронизациясы	11
Жақаш А.Т., Толқынбаева А.Т., Таласбаев А.А. Жазық төрттікшіліктің механизмді синтездеудегі механизмнің төрт параметрін анықтау	17

ХИМИЯ

Садиева Х.Р., Исакова Г.А. Фторқұрамды қалдықтардан фторорганикалық заттар алу	23
Садиева Х.Р., Айдаралиева А.М., Исакова Г.А., Жетібай І.Ғ., Төтенова Н.Ж. Жемдік фосфат цехындағы фторқұрамды қалдықтардан фторорганикалық заттар алудың технологиясын жасау	29
Садиева Х.Р., Айдаралиева А.М., Исакова Г.А., Жетібай І.Ғ., Төтенова Н.Ж. Теңіз күкіртінен аммоний сульфиді мен полисульфидін синтездеп алу және қолдану	38

ЭКОЛОГИЯ

Мустафаев К.Ж., Маймеков З.К. Оценка «экологического следа» природно-техногенной системы Казахстана – индикатор устойчивого развития	46
Мустафаев Ж.С., Козыкева А.Т., Жусупова Л.К. Экологическое обоснование способов освоения засоленных земель	53
Абдувалова А.Д., Сартбаева Г.А. Полигондар мен қоқыс үйінділерінен ластаушы заттектердің шығарындысын модельдеу	65
Козыкеева А.Т., Адильбектеги Г.А., Даулетбай С.Д. Экологические проблемы в трансграничном бассейне реки Шу	72

СТАНДАРТИЗАЦИЯ И СЕРТИФИКАЦИЯ

Орынбаева Ұ.А., Онлабекова А.Т., Тулепбергенов А.К. Ұйымның қызметін үздіксіз жақсартудың толықтырылған Шухарт-Деминг циклын дайындау	83
Жапсарбеков Г.П., Кусмухамбетов М.Е., Тохабаева Г.А. Организация системы контроля качества и сертификации производимой на крестьянском хозяйстве продукции	88

ПИЩЕВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Урбанчик Е.Н., Шалюта А.Е., Горбатовская Н.А., Галдова М.Н.	
--	--

Оптимизация режимов второго этапа проращивания пшеницы и изучение возможности использования полученного продукта	94
Терновской Г.В., Шлейкин А.Г., Горбатовская Н.А. Применение заквасок и ферментов в производстве хлебобулочных изделий лечебно-профилактического назначения	100
Баитова С.Н., Касьянова Л.А., Нуриева Т.А. Оценка качества крупяных продуктов из овса голозерного	107
Жапсарбеков Г.П. Новый способ шелушения зерна риса в шелушительной машине	114
Жапсарбеков Г.П. Определение сил действующих на зерновки по периметру рабочей поверхности в новой шелушительной машине	118
Жапсарбеков Г.П., Кембаев Н.А., Туралина М.Т. Разработка современных показателей качества муки из мягкой пшеницы	122

МАШИНЫ И ОБОРУДОВАНИЕ

Махитова З.Ш. Устройство и принцип предлагаемого станка-качалки с кривошипным уравновешиванием	127
Байешов Б.Т., Сейтпахиева А.Т., Каримов А.А. Экспериментальное определение передаточных отношений первичных ошибок механизмов	132
Semernin N.A., Semernin A.N., Balzhanbaev O.B. Recommendations on the organization of traffic on the road network of the city of Taraz	135

СТРОИТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Құндызбаев А.А., Сұлтанаев К.Т., Қырғызбаев А.Т. Темірбетон конструкцияларын полимерлік композиттерді қолданып күшейту	141
Баялиева Г.М., Нүрпейісов С.Қ., Қарабаев Н.Т., Тәттібаев С.Ж. Жергілікті шикізат пен өндірістік қалдықтарды негізінде шыныбайланыстырғыштар	145

ФИЗИКА

Бижігітов Т., Гудеклі Е., Сембиева А. Сұйықтардың адиабаталық коэффициенттерінің температураға тәуелділігін зерттейтін қондырғы	148
Бижігітов Т., Гудеклі Е., Сембиева А. Сұйықтардың тұтқырлық коэффициенттерінің температура мен магнит өрісіне тәуелділігі	156
Приложение Требования к оформлению статей для публикации в научном журнале «Механика и технологии»	163

МАТЕМАТИКА


ӘОЖ 531.1:514.1

А.Т. Жақаш¹, А.М. Райымова², Э.А. Джакашова³¹Техн. ғылымдарының канд., доцент, ²Студент, ³Аға оқытушы
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., ҚРБЕРІЛІС ҚАТЫНАСТАРЫ АРҚЫЛЫ
ТОПСАЛЫ ТӨРТТИЕКТІЛІКТІ СИНТЕЗІ

Жуықтау функцияларын және заманауи есептеу әдістерін пайдалана отырып, механизмдерді оңтайлы жобалау қарастырылған. Топсалы төрттиекті механизмнің белгісіз бес параметрі анықталған.

Түйін сөздер: беріліс қатынастары, жазық механизмдер, жуықтау функциялары, жуықталған механизм синтезі, заманауи есептеу әдістері.

Топсалы бағыныңқы төрттиекті механизмнің синтезінде жуықтау функцияларын қолданамыз (1-сурет).



Сурет 1. Төрттиекті кривошипті шатунды механизм

φ арқылы кіретін координатаны белгілейміз, бұл АВ және АІ бұрыштарының арасы; ψ арқылы шығатын координатаны белгілейміз, CD және DII бұрыштарының арасы. Сол кезде берілген функция келесі түрге ие болады:

$$\psi = \psi(\varphi) \quad (1)$$

Топсалы төрттиекті механизм (1) теңдікті тек қана кейбір жеке жағдайларда ғана нақты орындайды. Жалпы жағдайларда ол келесі функцияны орындайды [1]:

$$\psi_m = \psi_m(\varphi, a, b, c, \alpha, \beta), \quad (2)$$

Бұл функция φ аргументі мен синтездің 5 параметріне: a , b , c тиектерінің ұзындығы және α , β бұрыштарына қатысты φ және ψ бұрыштарын анықтауға тәуелді.

Шамалардың айырмасын қолдана отырып ауытқуды өлшейміз:

$$\Delta_{\psi} = \psi_m - \psi, \quad (3)$$

мұндағы ψ_m – φ кейбір мәндерінде CD тиегінің бұрышы; ψ – φ -тың сол мәніндегі CD бұрышының берілген мәні .

Айырымды өлшеулікті q салмағы тұрақты салмақтан аз ғана айырмашылық жасайтын, белгісіз параметрлерді анықтау кезінде ауытқумен алмастырыла алатын қарапайым түрінде алуға болатынын көрсетейік:

$$\Delta_q = q\Delta_{\psi} \quad (4)$$

Айырымды өлшеулікті аналитикалық жолмен көрсету үшін b_{φ}^2 -ді В және С нүктелерінің ара қашықтығы деп аламыз :

$$b_{\varphi}^2 = [a \cos(\varphi + \alpha) - 1 - c \cos[(\psi + \beta)]]^2 + [a \sin(\varphi + \alpha) - c \sin[(\psi + \beta)]]^2$$

Жоғарыдағы формуларды қолданып, келесі өрнекті аламыз :

$$\Delta_q = b^2 - a^2 - c^2 - 1 + 2a \cos(\varphi + \alpha) - 2c \cos(\psi + \beta) + 2ac \cos(\varphi + \alpha) \cos(\psi + \beta) + 2ac \sin(\varphi + \alpha) \sin(\psi + \beta)$$

немесе

$$\Delta_q = 2ac \cos(\varphi + \alpha - \psi - \beta) + 2ac \cos(\varphi + \alpha) - 2c \cos(\psi + \beta) + b^2 - a^2 - c^2 - 1 \quad (5)$$

Алынған айырымды өлшем негізгі 5 параметрлерді қамтиды: a, b, c, α, β . Оларды берілген ψ бұрышының интервалында айырымды өлшем кішкентай болатындай етіп таңдау керек. Осы мақсатпен айырымды өлшемді негізгі параметрлерді қамтымайтын 2 функцияның айырмасы ретінде көрсету қажет:

$$\Delta_q = P(\varphi) - F(\varphi) . \quad (6)$$

$F(\varphi)$ функциясын – берілген функция ретінде, ал $P(\varphi)$ – жуықтау функциясы ретінде алсақ болады. Дегенмен $F(\varphi)$ функциясы берілген $\psi = \psi(\varphi)$ -мен және $P(\varphi)$ жуықталған функциясы берілген $\psi_m = \psi_m(\varphi)$ -мен сәйкес келмейтінін есте сақтау керек [2]. $P(\varphi)$ және $F(\varphi)$ арқылы біз тек қана айырымды өлшеуді табамыз, содан соң Δ_q ауытқуын табамыз.

Синтездің 5 – a, b, c, α және β параметрлерін анықтау үшін (5) айырымды өлшеулікті келесі түрде көрсетуге болады:

$$\Delta_q = 2[p_0 f_0(\varphi) + p_1 f_1(\varphi) + \dots + p_n f_n(\varphi)],$$

мұнда

$$\left. \begin{aligned}
 p_0 &= a \cos \alpha; \\
 p_1 &= -a \sin \alpha; \\
 p_2 &= -c \cos \beta; \\
 p_3 &= c \sin \beta; \\
 p_4 &= \frac{1}{2}(b^2 - a^2 - c^2 - 1); \\
 p_5 &= ac(\cos \alpha \cos \beta + \sin \alpha \sin \beta); \\
 p_6 &= -ac(\sin \alpha \cos \beta - \cos \alpha \sin \beta)
 \end{aligned} \right\} \quad (7)$$

$$\left. \begin{aligned}
 f_0(\varphi) &= \cos \varphi; \\
 f_1(\varphi) &= \sin \varphi; \\
 f_2(\varphi) &= \cos \psi; \\
 f_3(\varphi) &= \sin \psi; \\
 f_4(\varphi) &= 1; \\
 f_5(\varphi) &= \cos(\varphi - \psi); \\
 f_6(\varphi) &= \sin(\varphi - \psi)
 \end{aligned} \right\} \quad (8)$$

(7) өрнектің коэффициенттері келесі қатынас арқылы байланысқан:

$$p_5 = -p_0 p_2 - p_1 p_3; \quad (9)$$

$$p_5 = -p_1 p_2 - p_0 p_3. \quad (10)$$

Ақырғы ауытқу нүктелерінің санын 6 деп алып, абзалы жуықтауды ауытқуларды теңестіру арқылы есептейміз. Нүктелердің орналасуын (5) формулаға қойсақ келесі формула пайда болады:

$$\varphi_l = \frac{\varphi_m}{2} - \frac{\varphi_m}{2} \cos \frac{l\pi}{5}, \quad l = 0, 1, \dots, 5.$$

φ бұрышы бойынша туындысы 0-ден едәуір айырмашылық жасамайтын мүшелер үшін бұл формула жақсы нәтижелер береді. Қалған жағдайларда (6) формуланы қолданған жөн.

Ақырғы ауытқудың нүктелерін тандағаннан кейін p_0, p_1, \dots, p_4 коэффициенттері мен ақырғы L ауытқуын келесі түрде анықтаймыз:

$$p_0 f_0(\varphi_l) + p_1 f_1(\varphi_l) + \dots + p_6 f_6(\varphi_l) = \varepsilon^l \frac{L}{2}, \quad (11)$$

мұндағы $\varepsilon = -1, l = 1, \dots, 5$.

$p_2, p_3, p_4, p_5, p_6, L$ -ға қатысты жүйені сызықтық деп ала отырып, оларды p_0 және p_1 арқылы көрсетеміз:

$$\left. \begin{aligned}
 p_2 &= k_1 p_0 + k_2 p_1; & p_3 &= k_3 p_0 + k_4 p_1; \\
 p_4 &= k_5 p_0 + k_6 p_1; & p_5 &= k_7 p_0 + k_8 p_1; \\
 p_6 &= k_9 p_0 + k_{10} p_1; & L &= k_{11} p_0 + k_{12} p_1.
 \end{aligned} \right\} \quad (12)$$

$\frac{p_1}{p_0} = \xi$ белгілеуін енгіземіз. Онда (12) теңдіктегі алғашқы 2 теңдеуден келесі теңдеу алынады:

$$\frac{p_2}{p_3} = \frac{k_1 + k_2\xi}{k_3 + k_4\xi} \quad (13)$$

(13) теңдігінің сол бөлігінің алымы мен бөлімін $p_0 p_2$ -ге, ал оң жағын p_0 -ге бөліп, $\frac{p_2}{p_3}$ қатынасынан

$$\frac{1 + \xi \frac{k_3 + k_4\xi}{k_1 + k_2\xi}}{\xi - \frac{k_3 + k_4\xi}{k_1 + k_2\xi}} = \frac{k_7 + k_8\xi}{k_9 + k_{10}\xi}$$

теңдеуін аламыз.

ξ -ге қатысты теңдік кубтық теңдеуді береді, теңдеуді шешу арқылы ξ -нің бір немесе үш негізгі мәнін анықтаймыз. p_5, p_6 мәндерін (9) мен (10) теңдеулерге қойып, p_0 -ге бөліп, шыққан мәндерін бесінші мен төртінші теңдіктеріне қою арқылы p_2, p_3 мәндерін анықтаймыз:

$$\begin{aligned} -p_2 - \xi p_3 &= k_7 + k_8 \xi; \\ -\xi p_2 + p_3 &= k_9 + k_{10} \xi \end{aligned}$$

(12) жүйенің алғашқы екі теңдігінен p_0, p_1 мәнін тапқаннан кейін, үшінші мен төртінші теңдіктен p_4 коэффициенті мен ақырғы L ауытқуын табамыз.

p_0, p_1, \dots, p_4 коэффициенттерінің мәнін анықтағаннан кейін синтездің негізгі параметрлері келесі қатынастан анықталады:


$$\operatorname{tg} \alpha = -\frac{p_1}{p_0}; \quad a = -\frac{p_1}{\sin \alpha};$$

$$\operatorname{tg} \beta = -\frac{p_3}{p_2}; \quad c = -\frac{p_3}{\sin \beta};$$


$$b^2 = 2p_4 + a^2 + c^2 + 1.$$

Одан кейін (12) формула бойынша функцияның ауытқуы есептелінеді. Топсалы төрттиекті механизмнің синтезі сияқты барлық жазық төрттиекті механизмдер синтезделеді. Барлық механизм үшін айырымды өлшеуліктің аналитикалық көрінісін тауып, жуықтау функцияларының шарттары бойынша жуықталған функцияның белгісіз коэффициенттерін анықтауға болады.

Төрттиекті кривошип кулисалы механизмнің бес параметрін анықтау үшін жоғарыдағы формулаларды ескере отырып, Delphi тілінде бағдарлама түзіліп, механизмнің тиектерінің оңтайлы өлшемдері анықталды. Нәтижелері 2, 3, 4-суреттерде көрсетілген.



Сурет 2.



Сурет 3.



Сурет 4. Синтездің бес параметріндегі жылдамдығының үлестірілуі

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Артоболевский, И.И. Теория механизмов и машин [Текст] / И.И. Артоболевский. – М., 1975.
2. Род, Стивене. Готовые алгоритмы [Текст] / Стивене Род. – М., 2004.

Материал редакцияға 20.06.15 түсті.

А.Т. Жақаш, А.М. Райымова, Э.А. Джакашова

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, РК

**СИНТЕЗ ШАРНИРНЫХ ЧЕТЫРЕХЗВЕННИКОВ
С ПОМОЩЬЮ ПЕРЕДАТОЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ**

Рассмотрено проектирование четырехзвенных механизмов с использованием передаточных отношений и современных методов вычислений. Определены неизвестные параметры шарнирного четырехзвенного механизма.

Ключевые слова: передаточные отношения, плоские механизмы, функции приближения, синтез приближенного механизма.

A.T. Zhakash, A.M. Raiymova, E.A. Dzhakashova

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

**SYNTHESIS OF THE HINGES FOUR-LINKS
BY THE GEAR RATIO**

Design of four-link mechanism with the use of gear ratios and modern methods of calculation is considered. Unknown parameters of the four-link hinge mechanism are determined.

Keywords: ratios, flat mechanisms, approximation functions, the approximate mechanism synthesis.

ӘОЖ 531.1:514.1

А.Т. Жақаш¹, А.А. Таласбаев²

¹Техн. ғылымдарының канд., доцент, ²Студент

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ, ҚР

**ЕКІ РЕЗОНАНСТЫ ВИБРАЦИЯЛЫҚ МАШИНАНЫҢ
ӨЗІНДІК СИНХРОНИЗАЦИЯСЫ**

Вибрациялық машиналарда және құрылғыларда бір немесе бірнеше вибраторлар пайдаланылады. Ол вибраторлар бірнеше біріккен денелерде орналасуы мүмкін. Көп жағдайларда қуатты вибратордың орнына бірнеше аз қуатты вибраторларды пайдалану, белгілі өлшемдегі тербелмелі орган бойынша қоздырылған күшті өлшеу қажеттілігі айтылады. Мақалада механикалық вибраторлардың синхронизациялауы қарастырылған.

Түйін сөздер: синхронизация эффектісі, коагулир, эксцентриситет.

Вибрациондық техникада тағы бір кең ауқымда пайдаланылатын өзіндік синхронизация эффектісінің техникалық қолданылуын айта кеткен жөн. Мұнда периодты тербеліс жасайтын жеке резонанстық вибромашиналарды бір жүйеге біріктіру мүмкіндігі жайлы сөз болып отыр. Мұндай есептер ауыр резонансты машиналарды технологиялық жоспарлауда маңызды болып есептеледі. Есептің дұрыс шешілуі барысында резонансты вибрациалық машиналардың жұмысшы органдар өлшемдерінің өсуінің тез өзгеруіне, сонымен қатар оларды секциялауға көшіруге мүмкіндік береді. Бұл есепті шешу үшін келесі теорема маңызды [1]. Тұрақты коэффициенттері бар келесі сызықтық дифференциалдық теңдеумен бейнеленген:

$$x_i + \sum_{j=1}^n \alpha_{ij} x_j = 0, \quad (i = 1, \dots, n) \quad (1)$$

Екі серпімді дискретті бірөлшемді жүйелерді қарастырайық:

$$x_i + \sum_{j=n+1}^{n+m} \alpha_{ij} x_j = 0 \quad (i = n+1, \dots, n+m) \quad (2)$$

Келесіде (1) және (2) жүйелердегі коэффициенттер матрицасын $\|\alpha\|$, $\|\beta\|$ арқылы белгілейміз.

Теорема: $\|\alpha\|$, $\|\beta\|$ коэффициенттер матрицасы арқылы анықталған екі серпімді жүйелер берілсін және

$$\det\|\alpha - EP_0^2\| = \det\|b - EP_0^2\| \quad (3)$$

болатындай P_0 жиілігі бар болсын. Мұндағы E – бірлік матрица, яғни P_0 әрбір жүйенің өзіндік теңселу жиілігі болады. Сонда әр түрлі жүйеге тиісті кез келген екі масса бірігуі барысында еркін қатты серпімді байланыс орнайды. P_0 біріккен жүйенің өзіндік теңселу жиілігі болады. Сонда жүйе байламды болады және оның характеристикалық теңдеуі мынадай түрде болады:

$$\Delta(P_0) = \det \begin{vmatrix} \alpha - EP_0^2 + \alpha I_{vv} & -\alpha I_{vs} \\ -\beta I_{sv} & b - EP_0^2 + \beta I_{ss} \end{vmatrix} \quad (4)$$

Мұндағы α, β - кейбір тұрақтылар, ал I_y -1- ге тең болатын j – ші баған мен i - ші жолдың қиылысындағы матрица элементі. Осы матрицаның қалған элементтері нөлге тең.

Берілген жағдайдағы характеристикалық матрица коагулирлік түрде берілген. P_0 - өзіндік тербеліс жүйесінің жиілігі болатындығын көрсету қажет, яғни

$$\Delta(P_0) = 0.$$

(4) теңдігі характеристикалық анықтаушыға алып келетін s – ші жолмен қосқандағы, мына түрдегі

$$\Delta(P_0) = \det \begin{vmatrix} \alpha - EP_0^2 + \alpha I_{vv} & -\alpha I_{vs} \\ 0 & b - EP_0^2 \end{vmatrix} \quad (5)$$

n жолды сызықтық комбинацияны алуға алып келеді.

Коагулирлік матрица анықтаушы мына қатынасты есептеу барысында есептеледі

$$\det \|A\| = 0$$

шарты орындалғанда

$$\det \begin{vmatrix} A & B \\ C & D \end{vmatrix} = \det \|D - CA^{-1}B\|$$

болады.

(5) теңдігінде C – нольдік матрица болғандықтан, ал $\det \|D\|$ (3) теңдігі бойынша нөлге тең болғандықтан,


$$\Delta(P_0) = 0$$

болады.

Берілген теорема бойынша, егер бір жиілікке икемделген резонансты вибрациалы машиналар берілсе, онда бір жүйеге белгілі бір тәсіл бойынша біріктірілгенде, резонанстық икемделу сақталатынын көреміз.

Жүйенің математикалық моделі.

Серпінді түрде байланысқан екі резонансты вибрациялық машинаның өзіндік синхронизациясын қарастырайық. Қарастырылып отырған динамикалық жүйенің есептеу схемасы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Секцияланған резонансты вибромашинаның есептеу сұлбасы

Кері қайтарушы серпінді күшті келесі түрде сипаттаймыз:

$$P_0(x_i) = k_i x_i + \beta_i x_i \quad (i = 1, 2) \quad (6)$$

Есептеу сұлбасына сәйкес динамикалық жүйе қозғалысының дифференциалдық теңдеуі келесі түрде өрнектеледі:


$$\begin{aligned} m_1 \ddot{x}_1 + \varepsilon_1 \dot{x}_1 + (k_{10} + k_1)x_1 + \beta_1 x_1^3 + k_{12}(x_1 - x_2) &= k_{10} \rho \sin \varphi_1 \\ m_2 \ddot{x}_2 + \varepsilon_2 \dot{x}_2 + (k_{20} + k_2)x_2 + \beta_2 x_2^3 - k_{12}(x_1 - x_2) &= k_{20} \rho \sin \varphi_2 \\ J_1 \ddot{\varphi}_1 + g_1 \dot{\varphi}_1 &= M_{10} - b_1 \dot{\varphi}_1 + k_{10} \rho (x_1 - \rho \sin \varphi_1) \cos \varphi_1 \\ J_2 \ddot{\varphi}_2 + g_2 \dot{\varphi}_2 &= M_{20} - b_2 \dot{\varphi}_2 + k_{20} \rho (x_2 - \rho \sin \varphi_2) \cos \varphi_2 \end{aligned} \quad (7)$$

мұндағы: m_1, m_2 – жұмысшы органдардың массалары; J_1, J_2 – инерциялық моменттер; k_{10}, k_{20} – пружиналардың қатаңдықтары; φ_1, φ_2 – бұрыштық бұрылу; x_1, x_2 – жұмысшы органдардың орын ауыстыруы; k_{12} – жұмысшы органдарды жалғайтын пружинаның қатаңдығы; $M_{10} - \varepsilon_1 \varphi_1, M_{20} - \varepsilon_2 \varphi_2$ – двигателдердің моменттері; ρ – эксцентриситет.

$$M_{gbi} = M_{io} U + b_i \dot{\varphi}_i U^2$$

мұндағы U – беріліс қатынасы.

Серпінді түрде байланысқан екі резонансты вибрациялық машинаның өзіндік синхронизациясын қарастыру үшін Delphi тілінде бағдарлама түзілді [2]. Нәтижелері 2-суретте көрсетілген. Бұл бағдарламаның негізінде негізгі параметрлерді өзгерте отырып вибраторлардың синхронды жұмысын дене салмағына тәуелсіз жүзеге асатынын байқауға болады.




а)

б)

а) бірінші вибратордың орын ауыстыру; б) екінші вибратордың орын ауыстыру


Сурет 2. Синхронды вибраторлардың орын ауыстыру

Суреттен көріп отырғанымыздай вибраторлардың орын ауыстыруы өте ұқсас. Бұл дегеніміз олардың синхронды жұмысының нәтижесі. 3-суретте олардың жылдамдықтарының графикалық үлестірілуі көрсетілген.



Сурет 3. Жылдамдықтардың үлестірілуі

Келесі 4-суретте вибраторлардың жұмысын көруге болады.



Сурет 4. Вибраторлардың синхронды жұмысы

Енді осы жұмыстың Delphi бағдарламасындағы негізгі кодтың маңызды бөлімін келтіріп өтейік.

Delphi code

```

////////////////////////////////////
Kvadcolor1(x0+90,y0+75,20,30,clwhite);
x10:=350+100;y10:=380;
x11:=x10; y11:=y0+80-20;
image1.Canvas.Pen.Width:=3;
bekitpe(x10,y10,3);
    
```

```

shzel(trunc(x10),trunc(y10));
x:=Round(x10+10*Cos(t/1.2)); //параметрическое уравнение для x
y:=Round(y10-10*Sin(t/1.2)); //параметрическое уравнение для y
image1.Canvas.MoveTo(trunc(x10), trunc(y10)); //центрокружности
image1.Canvas.LineTo(trunc(X), trunc(Y)); //координатых,у
(докударисоватьлинию)
shzel(trunc(x),trunc(y));
vx:=(x-x11)/sqrt(sqr(x-x11)+sqr(y-y11));
vy:=(y-y11)/sqrt(sqr(x-x11)+sqr(y-y11));
x12:=x11;
y12:=y-trunc(20*vy);
image1.Canvas.MoveTo(trunc(x),trunc(y));
image1.Canvas.LineTo(trunc(x12),trunc(y12));
image1.Canvas.Pen.Width:=1;
pryz11(x0+100,y0+80,x12,y12);
////////////////////////////////////

////////////////////////////////////
Kvadcolor1(x1+90,y1+75,20,30,clwhite);
x10:=x1+100;y10:=380;
x11:=x10; y11:=y0+80-20;
image1.Canvas.Pen.Width:=3;
bekitpe(x10,y10,3);
shzel(trunc(x10),trunc(y10));
x:=Round(x10+10*Cos(t)); //параметрическое уравнение для x
y:=Round(y10-10*Sin(t)); //параметрическое уравнение для y
image1.Canvas.MoveTo(trunc(x10), trunc(y10)); //центрокружности
image1.Canvas.LineTo(trunc(X), trunc(Y)); //координатых,у
(докударисоватьлинию)
shzel(trunc(x),trunc(y));
vx:=(x-x11)/sqrt(sqr(x-x11)+sqr(y-y11));
vy:=(y-y11)/sqrt(sqr(x-x11)+sqr(y-y11));
x12:=x11;
y12:=y-trunc(20*vy);
image1.Canvas.MoveTo(trunc(x),trunc(y));
image1.Canvas.LineTo(trunc(x12),trunc(y12));
image1.Canvas.Pen.Width:=1;
pryz11(x1+100,y1+80,x12,y12);
////////////////////////////////////

```

Бұл бағдарлама негізінде вибраторларға кез келген салмақтағы жүктердің және серіппелерге әр түрлі қатандықтар беру арқылы нәтижелерін байқауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Крюков, Б.М. Динамика существенно-нелинейных систем. Машиностроение [Текст] / Б.М. Крюков. – М., 1978.
2. Архангельский, А.Я. Разработка прикладных программ для Windows В Delphi 5 [Текст] / А.Я. Архангельский. – М., 1999.

Материал редакцияға 20.06.15 түсті.

А.Т. Жақаш, А.А. Таласбаев

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., ҚР

САМОСИНХРОНИЗАЦИЯ ДВУХМАССНЫХ РЕЗОНАНСНЫХ ВИБРОПЛОЩАДОК

В значительном числе вибрационных машин и установок применяется не один, а несколько вибраторов, установленных на двух или более, тем или иным способом связанных телах. В других случаях применение нескольких относительно маломощных вибраторов, вместо одного более мощного, обусловлено необходимостью рассредоточить возмущающую силу по вибрирующему органу значительных размеров. В статье рассматривается проблема синхронизации механических вибраторов.

Ключевые слова: эффект синхронизации, коагулир, эксцентриситет.

А.Т. Zhakash, А.А. Talasbaev

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

SELF-SYNCHRONIZATION OF TWO PULP RESONANT VIBRO SITES

In a significant number of vibrating machines and plants is used not one but several vibrators installed on two or more, one way or another related bodies. In other cases, the application of several relatively thin dipoles, instead of a single more powerful due to the need to disperse the disturbing force on the vibrating body of considerable size. The article deals with the problem of synchronization of mechanical vibrators.

Keywords: effect of synchronization, coagulating, eccentricity.

ӨОЖ 531.1:514.1

А.Т. Жақаш¹, А.Т. Толқынбаева², А.А. Таласбаев³

¹Техн. ғылымдарының канд., доцент, ²Аға оқытушы, ³Студент
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., ҚР


ЖАЗЫҚ ТӨРТТИЕКТІ МЕХАНИЗМДІ СИНТЕЗДЕУДЕГІ МЕХАНИЗМНІҢ ТӨРТ ПАРАМЕТРІН АНЫҚТАУ

Жуықтау функцияларын және заманауи есептеу әдістерін пайдалана отырып, механизмдерді оңтайлы жобалау қарастырылған. Топсалы төрттиекті механизмнің белгісіз төрт параметрі анықталған.

Түйін сөздер: өлшенген айырым, жуықтау функциялары, жуықталған механизм синтезі.

Жуықтау функцияларының төрт параметр болған кездегі жағдайын қарастырайық [1].

Синтездің төрт параметрін анықтау. Айталық, a , b , c және β параметрлерін анықтау керек болсын (1-сурет).



Сурет 1. Төрттиекті кривошипті кулисасы механизм

Механизмнің мұндай схемасы үшін, өлшемдік айырым келесі түрде беріледі:

$$\Delta_q = A[p_0 f_0(\varphi) + p_1 f_1(\varphi) + \dots + p_4 f_4(\varphi) - F(\varphi)] \quad (1)$$

мұнда

$$A = -2ac \cos \beta; \quad p_0 = -\operatorname{tg} \beta$$

$$p_1 = -\frac{1}{c \cos \beta}; \quad p_2 = \frac{1}{a}; \quad (2)$$

$$p_3 = -\frac{\operatorname{tg} \beta}{a}; \quad p_4 = \frac{-b^2 + a^2 + c^2 + 1}{2ac \cos \beta};$$

$$F(\varphi) = \cos(\varphi + \alpha - \psi); \quad f_0(\varphi) = \sin(\varphi + \alpha - \psi);$$

$$f_1(\varphi) = \cos(\varphi + \alpha); \quad f_2(\varphi) = \cos(\psi); \quad (3)$$

$$f_3(\varphi) = \sin(\psi); \quad f_4(\varphi) = 1.$$

Бес коэффициент p_0, p_1, \dots, p_4 төрт белгісіз параметрлерді қамтиды. Сондықтан да төрт коэффициент тәуелсіз бола алады, ал бесіншісі олардың комбинациясы болуы керек. Қарастырылып отырған жағдайда

$$p_3 = p_0 p_2 \quad (4)$$

Айырымды өлшемнің квадраттық орта мәні минимум болатын p_k коэффициентін анықтау үшін теңдіктер жүйесін p_0, p_1, \dots, p_4 коэффициенттерімен дифференциалдай отырып құру қажет. Бұл жүйе коэффициенттер арасындағы (4) шарттарға байланысты күрделі болады. Барлық p_k коэффициенттері өзара тәуелсіз болатын (5) жүйе ең қарапайым және жуықталған жүйе болып табылады. Ауытқудың кіші мәндерінде алынған жауап квадраттық жуықтау жауабына ең жақын мән. Жүйедегі бес коэффициенттің анықталып отырған параметрлердің санына байланысты төртеуін алу керек, p_3 коэффициентінің орнына (4) теңдік бойынша алынған мәнін жазу керек.

Сол кезде жүйе келесі түрде болады:

$$\begin{aligned}
 c_{00}P_0 + c_{01}P_1 + c_{02}P_2 + c_{03}P_3 + c_{04}P_4 &= y_0; \\
 c_{10}P_0 + c_{11}P_1 + c_{12}P_2 + c_{13}P_3 + c_{14}P_4 &= y_1; \\
 c_{20}P_0 + c_{21}P_1 + c_{22}P_2 + c_{23}P_3 + c_{24}P_4 &= y_2; \\
 c_{30}P_0 + c_{31}P_1 + c_{32}P_2 + c_{33}P_3 + c_{34}P_4 &= y_3;
 \end{aligned} \tag{5}$$

$c_{kl} = c_{lk}$ және γ_k (5) пен (6) формулаларымен есептелініп, келесі түрге ие болады :

$$c_{kl} = c_{lk} = \sum_{i=0}^m f_k(\varphi_i) f_l(\varphi_i)$$

$$\gamma_k = \sum_{i=0}^m F(\varphi_i) f_k(\varphi_i)$$

$$k = 0, \dots, 3, \quad l = 0, \dots, 4.$$

$p_0 p_2$ бар мүшелерді (5) теңдігінің оң жағына орналастырып, алынған теңдіктерді p_0, p_1, \dots, p_4 -ке қатысты сызықтық деп алып есептейміз :

$$p_0 = k_1 + k_2 p_0 p_2, \tag{6}$$

$$p_1 = k_3 + k_4 p_0 p_2, \tag{7}$$

$$p_2 = k_5 + k_6 p_0 p_2, \tag{8}$$

$$p_4 = k_7 + k_8 p_0 p_2, \tag{9}$$

бұл жерде $k_1, k_2, \dots, k_8 - c_{kl}$ және γ_k -ге тәуелді белгілі коэффициенттер.

(6) теңдіктен:

$$p_0 = \frac{k_1}{1 - k_2 p_2}. \tag{10}$$


(8) теңдікке p_0 мәнін бере отырып, p_2 коэффициентін табу үшін квадраттық теңдік аламыз:

$$k_2 p_2^2 + (k_6 k_1 - k_5 k_2 - 1) p_2 + k_5 = 0 \tag{11}$$


p_2 коэффициенті анықталғаннан кейін (8) теңдіктен p_0 және p_1, p_4 -ті (7) пен (9) теңдіктерінен, кейін (2) формуладан негізгі параметрлерді анықтаймыз :

$$\begin{aligned}
 \operatorname{tg} \beta &= -p_0; \quad c = -\frac{1}{p_1 \cos \beta}; \\
 a &= \frac{1}{p}; \quad b = \sqrt{a^2 + c^2 + 1 - 2ac p_4 \cos \beta}
 \end{aligned} \tag{12}$$

Төрттік кривошипті кулисалы механизмнің төрт параметрін анықтау үшін, жоғарыдағы формулаларды ескеріп, Delphi тілінде бағдарлама түзіліп (2-сурет), механизмнің тиектерінің оңтайлы өлшемдері анықталды [2]. Жуықтау функциямен өрнектелетін траектория мен қажетті траекторияларды беретін функциялардың ең жақын беттесулері 3-суретте берілген.



Сурет 2.



Сурет 3.


Қажетті нүктелердің координаттары мен кинематикалық параметрлері 1-кестеде және 4-суреттегі графикте көрсетілген.

Кесте 1

№	Бұрылу бұрышы	X2	Y2	жол S2 (м)	жылдамдық V2 (м/с)	X3	Y3	жол S3 (м)	жылдамдық V3(м/с)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	549	80	94,92			570	120,57		
2	539	81	94,89	1,0004	11,11	560	146,28	27,5863	306,51
3	529	82	94,85	1,0007	11,11	550	144,93	10,0907	112,11
4	519	83	94,81	1,0007	11,11	540	143,26	10,1384	112,64

Продолжение табл.1

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
5	509	84	94,76	1,0012	11,12	530	141,26	10,198	113,31
6	499	85	94,71	1,0012	11,12	520	138,96	10,261	114,01
7	489	86	94,66	1,0012	11,12	510	136,45	10,3101	114,55
8	479	87	94,6	1,0017	11,13	500	133,81	10,3426	114,91
9	469	88	94,54	1,0017	11,13	490	131,07	10,3685	115,2
10	459	89	94,48	1,0017	11,13	480	128,34	10,3659	115,17
11	449	90	94,41	1,0024	11,13	470	125,71	10,34	114,88
12	439	91	94,34	1,0024	11,13	460	123,26	10,2957	114,39
13	429	92	94,26	1,0031	11,14	450	121,07	10,2369	113,74
14	419	93	94,18	1,0031	11,14	440	119,2	10,1733	113,03
15	409	94	94,09	1,004	11,15	430	117,71	10,1103	112,33
16	399	95	94,01	1,0031	11,14	420	116,62	10,0592	111,76
17	389	96	93,92	1,004	11,15	410	115,95	10,0224	111,36
18	379	97	93,82	1,0049	11,16	400	115,7	10,0031	111,14
19	369	98	93,72	1,0049	11,16	390	115,9	10,0019	111,13
20	359	99	93,62	1,0049	11,16	380	116,67	10,0296	111,44
21	349	100	93,52	1,0049	11,16	370	118,15	10,1089	112,32
22	339	101	93,41	1,006	11,17	360	120,45	10,261	114,01
23	329	102	93,29	1,0071	11,19	350	123,48	10,4489	116,09
24	319	103	93,18	1,006	11,17	340	126,93	10,5783	117,53
25	309	104	93,06	1,0071	11,19	330	130,5	10,6181	117,97



Сурет 4. Синтездің төрт параметріндегі жылдамдығының үлестірілуі

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Левитский, Н.И. Теория механизмов и машин [Текст] / Н.И. Левитский. – М., 1979.
2. Род, Стивене. Готовые алгоритмы [Текст] / Стивене, Род. – М., 2004.

Материал редакцияға 20.06.15 түсті.

А.Т. Жақаш, А.Т. Толқынбаева, А.А. Таласбаев

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, РК

**ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЧЕТЫРЕХ ПАРАМЕТРОВ МЕХАНИЗМА
ПРИ СИНТЕЗЕ ПЛОСКОГО ЧЕТЫРЕХЗВЕННОГО МЕХАНИЗМА**

Рассмотрено проектирование плоских четырехзвенных механизмов используя функции приближения и современные методы вычисления. Определены неизвестные четыре параметра шарнирного механизма.

Ключевые слова: взвешенная разность, функции приближения, синтез приближенного механизма.

A.T. Zhakash, A.T. Tolqynbaeva, A.A. Talasbaev

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

**DEFINE THE FOUR PARAMETERS OF THE MECHANISM
IN THE SYNTHESIS OF A PLANE FOUR-LINK MECHANISM**

Design of the flat four-link mechanism using a function approximation and modern methods of calculation is considered. The unknown four parameters of hinge mechanism are determined.

Keywords: weighted difference, function approximation, the approximate mechanism synthesis.

ХИМИЯ

ӘОЖ 638.422:568.5

Х.Р. Садиева¹, Г.А. Исакова²*¹Техн. ғылымдарының канд., ²Магистрант
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., ҚР***ФТОРҚҰРАМДЫ ҚАЛДЫҚТАРДАН
ФТОРОРГАНИКАЛЫҚ ЗАТТАР АЛУ**

Фосфориттерді өндіру кезінде өндірістің техногенді қалдықтарының бірі – газды қалдық фтор сутегі мен фторқұрамды балқымалы заттардан фторқұрамды органикалық заттар алу үшін екінші реттік шикізаттар ретінде қолдануға мүмкіндік туып отыр. Тастанды техногенді газды қалдықтарды, оның ішінде фтор сутегі және фосфор қышқылын өндіру кезінде түзілетін фторқұрамды балқымалы қатты шыны тәрізді заттардың химиялық және физикалық-химиялық сараптамалары келтірілген. Мақалада түзілген өнімнің қасиеттерін анықтау арқылы екінші реттік шикізат ретінде фторкаучук алу және Жамбыл облысы аймағындағы экологиялық проблемаларды шешу мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: фосфорит, фторкаучук, резина, фтор, дигидратация, апатит, фторқұрамды балқыма.

Фосфатты кендерде фтор қосылыстарының құрамы P_2O_5 қосылыстарымен салыстырғанда 8%-дан 12%-ға дейін өзгереді. Шпаттың әлемдік қорының көлемі – 65 млн. тең. Қазіргі уақытта CaF_2 фтордың маңызды қосылыстарын өндірудегі негізгі шикізат болып табылады. Фосфатты шикізаттардағы фтордың қоры 2800 млн. т (CaF_2 қосып есептегенде) құрайды.

Экстракциялық фосфор қышқылынан фтор қосылыстарын бөліп алу және қайта өңдеу өндірісі санитарлық талаптармен, экономикалық және экологиялық көрсеткіштермен анықталады.

Фторды газдық, сұйықтық (қышқылда) және қатты (фосфогипсте) фазаларда экстракциялық фосфор қышқылы өндірісінде бөлу, оның фосфатты шикізаттағы құрамының табиғатына, процестің жүру шарттарына (дигидратты немесе жартылай гидратты әдістер), алынған өнімнің концентрациясына және т.б. тәуелді. Аналогты шарттарға сәйкес әртүрлі зауыттардағы мәліметтер әртүрлі [1].

Концентрлі фосфор қышқылын жартылай гидратты әдіспен өндіруде құрамында 45-48% P_2O_5 газдық фазада 30-45% F температура мен басқа да шарттарға сәйкес өтеді. Оның негізгі мөлшері фосфор қышқылы мен апатиттің, күкірт қышқылы мен айналымдағы фосфор қышқылының ыдырауында жұмсалады.

Ауаға бөлініп жатқан қалдық газдардың құрамынан бағалы өнімдерді жоғалтамыз, оларды өндірісте қайта пайдалану экономикалық көз қарас жағынан қызығушылыққа әкеп соғады.

Табиғи фосфатты ажырату нәтижесінде құрамында фтор бар қалдық газдар ауаға көптеп бөлінеді, сөйтіп ластанған ауа қоршаған ортаға және адам денсаулығына қауіпті қатер туғызады. Мысалы, ауланған фторлы қосылыстарды қайта өңдеп, кондиционды фторидтер алуға болады.

Негізгі қызығушылық тудыратын мәселе – технологиялық жолмен қалдық газдарды қайта өңдеп, одан тыңайтқыштар алу. Химиялық және металлургиялық комбинаттардың мұржаларынан шығып жатқан, құрамында химиялық қосылыстары бар технологиялық газ қалдықтар белгілі бір мөлшерде болады, осыған байланысты техногенді газдарды тазалау жолына сәйкес құрылғыларды орнату арқылы керекті компоненттерді алуға болады.

Абсорбердегі кальций гидроксиді ерітіндісіне HF газы қалдық сіңірілген кезде фторқұрамды қосылыстардың түзіледі. Фотометриялық әдіспен кальций фторидінің құрамындағы фтор иондары анықталды. Бұл әдіс алюминий арсеналды кешендердің оптикалық тығыздығын анықтауға негізделген. Олардың боялу қарқындылығы фторид концентрациясының өсуімен артады, өлшеу 520-дан 570 нм толқын ұзындығы аралығында жүргізіледі. Зерттеу нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1


Фотометриялық әдіспен анықталған фтордың мәні

№	Қатты қалдықтың құрамындағы фтордың мәні, %
1	0,73
2	0,23
3	0,49
4	0,82
5	0,64
6	0,19
7	0,67
8	0,34

Химиялық сараптаманың қорытындысын 1-суреттегі ИК-спектроскопиялық сараптама да дәлелдеп көрсетіп берді. Төмендегі суретте әр түрлі қарқындыдағы үш сызықтар айқын көрінеді. Олар 572 см^{-1} , 1653 см^{-1} , 2220 см^{-1} , аймағында таза көрініп, кальций фторидінің сипаттамасына сәйкес келеді. Сондықтан жасалынған химиялық сараптама мен ИК-спектроскопиялық сараптама бір-бірін толықтырып дәлелдейді (1-сурет).

Отандық күкіртқұрамды өнімдерді каучукты вулканизациялау кезінде қолданылатын элементті күкіртті алмастыру және фосфор қышқылы өндірісі кезінде түзілген балқымалы фторқұрамды заттарды қосып вулканизациялап, түзілген резинаның – фторкаучуктың сапасын арттыру өзекті мәселенің бірі [2]. Белгілі әдіс бойынша күкіртқұрамды өршіткіш пен β -сәулесімен өңделген S^{35} - күкірттің радиоактивті изотопын каучукке қосып, $100\text{-}190^\circ\text{C}$ температура аралығында вулканизациялау аппаратында вулканизация процессін жүзеге асырады. Бұл әдістің кемшілігі каучукке күкіртқұрамды қоспаны балқыма түрінде қосады және вулканизация процессінде температураның жоғары болуында. Белгілі әдістер бойынша каучукты (табиғи, цис-изопренді, цис-бутадиенді, бутадиенді-стирольді және т.б.)

вулканизациялау негізінен элементті күкірттің көмегімен және органикалық күкіртқұрамды өршіткіштердің қатысуымен 135-150⁰С температурада вулканизациялау аппаратында жүзгеге асырылады. Бұл каучуктерді вулканизациялау кезінде үш өлшемді құрылымның түзілуі элементті күкірттің біртіндеп поли-, ди-, және моносұльфидтік күкірт болып полимерленуі және көміртегі-көміртегі атомымен өзара атом аралық көпіршелер арқылы байланысады. Резиналық қоспаларды дайындау үшін жоғарғы сортты майдаланған жұқа дисперсті күкіртті пайдаланған [2].



Сурет 1. Түзілген кальций фторидінің ИК-спектрі

Ұсынылатын әдістің ерекшелігі каучукты вулканизациялау процесіне Батыс Қазақстанның Теңіз кенішіндегі мұнай-газ өнімінен бөлінген күкіртқұрамды заттарды - «Теңіз күкіртін» және фосфориттерді өңдеу кезінде бөлінген фторқұрамды заттарды қосып резина өнімдерін алу. Бұл жұмыс Тараз қаласындағы «Резина-техникалық бұйымдар» ЖШС зауытымен бірлесе отырып жасалды. Бұл әдісте зерттеуге арналған зертханалық вальца -ЛБ 350 150/150 қолданылды (полимерлеу реакциясы жүретін аппарат).

Зертханалық вальцаның ұзындығы - 1550 мм; ені - 950 мм; биіктігі - 1450 мм; салмағы - 1200 кг.

Валдың жұмысшы бөлімінің ұзындығы - 350 мм; Валдың жұмысшы бөлімінің диаметрі 150-155 мм; фрикция - 1:1,4; 1:1,7; Валдың айналу жылдамдығы - 1 минут; Вальдың арасындағы зазор (тістері) -0,2-8 мм; Валдың жұмыс температурасы 25-150⁰С, валды сумен салқындатады. Валдың электроқозғаушысы - 7,5 кВт.

Зертханалық барабанды вальцаға айналып тұратын араластырғыш – қыздырғыш орнатылған, фрикциясы -1:1,4. Ингредиенттерді араластырып қыздыру үшін су буы жіберіледі. 100 г синтетикалық каучукты СКС-30 барбанды вальға салып, валдың арасындағы зазор (тістері) арқылы майдалайды және 30-35⁰С температурада қыздырып, валды айналдырады. Содан кейін 2-3 г бор немесе әк қосып араластыра отырып, 5-6 г күйе және өршіткіш ретінде 0,05 г каптакс және 100 мл май қосып айналдырып, біртіндеп температураны 100-130⁰С жеткізеді. Валды 2-3 сағат айналдырып, дайын болған қоспаға 32-35 г Теңіз кенішіндегі мұнай-газ өнімінен бөлінген күкіртқұрамды заттарды - «Теңіз күкіртін» қосады. Вальды айналдырып,

140⁰С температураға дейін қыздырып, оған 1 г фторқұрамды ұнтақты немесе кальций фторидін қосады да 3-4 сағат вулканизациялау процесін жүргізеді. Бұл әдісте элементті күкірттің орнына «Теңіз күкіртін» қолданылумен ерекшеленеді, оның құрамындағы органикалық қосылыстар катализатор ретінде күкірттің еруін жылдамдатады және қайта кристалданып кетуіне жол бермейді, желімдену қасиетін жоғарылатады. Сонымен қатар, фосфориттерді өндіру кезінде бөлінген фторқұрамды заттар немесе кальций фториді қосылып дайындалады.


Фторқұрамды полимерлердің басқа қасиеттері олар отқа төзімділігімен ерекшеленеді, бұл қасиет бұрын басқа синтетикалық қосылыстарда болмаған.

Құрамында бір көміртектік атомында бір фтор атомы бар органикалық қосылыстар өте төзімді келеді.

Фтордың атомдары химиялық әсерлерге төзімдірек болады, олар сонымен бірге көршілес көміртек атомдарының қатысында басқа галоген атомдарын тұрақтандырады. Полифторидтердің инерттілігінің бір себебі С-Ф байланысының қалыпты арақашықтығына байланысты, яғни монофторидтерді 1,42 Å тең, ал полифторидтерде 1,35 Å сәйкес келеді. Байланыс энергиясының көзқарасы бойынша байланыс ұзындығындағы өзгеріс 8000-10000 кал/мольге тең. Энергия бұл байланыссыз енген жағдайда байланыс энергиясы 105-110000 кал/мольге тең, бұл энергия ыдырап кетуге жеткілікті [3].


Полимерлеу кезінде тізбектердің оралуы байқалуы үшін С-Ф байланысының бөлінгені қажет. Бұл байланыстың шамамен күші полимерлеу кезінде белсендіргіш энергияның тізбекті үзуге шамасы жететіндігін көрсетеді, сондықтан шамамен сызықтық полимерлер түзіледі деп күтіледі. Полимердің термиялық ыдырауынан түзілген өнімдерінде оратылған қосылыстардың болмауы, политетрафторэтилен негізгі оратылмаған тізбектерден тұруынан болып есептеледі [3].

2-суретте көрсетілгендей, түзілген фторкаучуктың микроқұрылымын «JEOL Ltd» компаниясының JSM-7500F автоэмиссионды растрлы электронды микроскоппен анықтау негізінде фтор-иондардың органикалық заттармен әрекеттесіп, берік талшықтар түзілгенін көруге болады. Сонымен қатар, күкіртқұрамды заттардың синтетикалық каучукте еріп, органикалық заттармен әрекеттесіп наноқұрылымы түйіршіктерге айналғанын көруге болады.



Сурет 2. Фторкаучуктің микроқұрылымдық кескіні

Фторкаучуктың рентгентқұрылымдық талдау нәтижелері химиялық талдаудың мәліметтерін растайды. 3-суретте көрсетілгендей, қатты фазалардың (№1 үлгі) штрихдиаграммалары кальций фторидіне сәйкес келетін CaF_2 сызығы жақсы айқындалған -3,10 Å, қарқынды сызық 3,59 Å және 7,25 Å F^- ионына сәйкес келеді, сонымен қатар 1,998 Å әлсіз көрінген сызық $\text{CaSiF}_6 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ сәйкес келіп тұр. Орташа қарқынды 1,79 Å; 2,326 Å және әлсіз көрінген 2,27 Å; 2,52 Å көміртегіне сәйкес келеді. Әлсіз сызықтар 2,607 Å; 3,03 Å; 3,32 Å S^{2-} ионына сәйкес келеді.



Сурет 3. Обцисса осінде – жазықтық арасындағы қашықтық, d;
Ордината осінде – салыстырмалы қарқындылығы, I_0

Резина қоспасына қосылған фторқұрамды заттардың резина қоспасының диэлектрлік қасиетін жақсартып, изоляциялық қасиет көрсететіні белгілі. Сондықтан дайын өнім фторкаучуктың беріктігін анықтау үшін екі түрлі: 1-бақылау, 2-тәжірибелік үлгі ретінде резина қоспасы әзірленіп, автоплав аппаратында пісіріп, дайындалды. Үлгілердің физика-механикалық қасиетін тексеру мақсатында Тараз қаласындағы «Резина-техникалық бұйымдар» ЖШС зауытында РМ-30 үзгіш машинасында сыналды.

Кесте 2

Үлгілердің физика-механикалық қасиетін тексеру

№	Көрсеткіштердің атауы	Бақылау үлгі		Тәжірибелік үлгі	
		НДТ бойынша	Факты бойынша	НДТ бойынша	Факты бойынша
1	Шартты беріктігі, $\text{кг}/\text{см}^2$ кем емес	41	95	41	64,3
2	Салыстырмалы ұзындығы, %	200	500	200	380
3	Қаттылығы, шартты белгі, %	55-65	62-65	55-65	65-70

Кестеде көрініп тұрғандай, дайындалған фторкаучуктың шартты беріктігі - $64,3 \text{ кг}/\text{см}^2$ кем емес, қаттылығы 65-70 % болып отыр. Бұл көрсеткіштер дайындалған фторқұрамды резинаның стандартқа сай екенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, жұмысты орындау кезінде төмендегі тәжірибелік жұмыстар орындалды:

- құрамында фторидтер болатын қатты шыны тәрізді түйіршікті заттарды немесе газды фазадан ұсталған кальций фторидтері бөлініп алынды;
- бөлініп алынған фторқұрамды заттарға химиялық және физикалық-химиялық сараптама жүргізілді;
- алынған фторқұрамды заттарды және «Теңіз күкіртін» ұнтақтап, фторкаучук алуға пайдаланылды;
- түзілген фторкаучукке микроқұрылымдық және рентгенфазалық сараптамалар жүргізіліп, фторкаучуктың беріктігін анықтау үшін РМ-30 үзгіш машинасында сыналды.

Қаратау фосфаттарын өңдеу кезінде түзілетін фторқұрамды балқымаларды және фтор сутегі бар газды қалдықтарды әкті сүтте аулап, түзілген ерітіндіден кальций фторидін бөліп алып, оларды өндіріске аса қажетті өнімдерді алу еліміздің экономикалық және экологиялық өзекті мәселерін шешетіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бишимбаев, У.Қ. Минералды тыңайтқыштардың химиялық технологиясы [Мәтін] / У.Қ. Бишимбаев, Ш. Молдабеков, К.Т. Жантасов, А.А. Анарбеков, У. Бестереков. – Алматы, 2007. – 167 б.
2. Серушкин, И.Л. Ж. Всес. хим. об-ва им. Д.И. Менделеева [Текст] / И.Л. Серушкин. – 1998. – Т. 25, № 5. – С. 552-562.
3. Новицкая, С.П. Фторэластомеры [Текст] / С.П. Новицкая, З.Н. Нудельман, А.А. Донцов. – М., 2003. – 56 с.
4. Садиева, Х.Р. Синтезирование серо-фторсодержащих фунгицидов из известковой очистки газов в производстве минеральных удобрений [Текст] / Х.Р. Садиева, Г.Б. Джумабекова, А. Исакова // Механика и технологии. – 2013. – №1. – С.78-83.

Материал редакцияға 22.07.15 түсті.

Х.Р. Садиева, Г.А. Исакова

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, РК

РАЗРАБОТКА ТЕХНОЛОГИИ ПОЛУЧЕНИЯ ФТОРОРГАНИЧЕСКИХ ВЕЩЕСТВ ИЗ ФТОРКРЕМНЕСОДЕРЖАЩИХ ОТХОДОВ

При переработке фосфоритов выделяются техногенные газовые отходы, в том числе фтористый водород и твердые отходы фтористого сплава. Эти фторсодержащие отходы могут быть применены в качестве наполнителей для получения фторкаучука. Проведено исследование фторида кальция, который образуются при поглощении фтористого водорода известковым молоком, а также фторсодержащего сплава, образующегося в процессе переработки фосфоритов.

Ключевые слова: фосфорит, фторкаучук, безотходная технология, фторсодержащий сплав, ИК-спектроскопический метод.

H.R. Sadieva, G.A. Isakova

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF TECHNOLOGY FOR THE FLUORO-ORGANIC SUBSTANCES FROM FLUORINE SILICON-CONTAINING WASTES

One of the productions of phosphoric acid in the production of man-made emissions of residual hydrogen fluoride gas and fluorine containing hydrofluoric fluorine containing organic substances to obtain the secondary will have the opportunity to use as a raw material. Abandoned industrial waste gas, including hydrogen fluoride and phosphoric acid formed during the manufacturing fluorine containing hydrofluoric hard objects such as glass, chemical and physico-chemical tests. Article to determine the properties of the product formed as a secondary raw material. Using fluorine containing wastes will help solve the environmental problems in the Zhambyl region.

Keywords: phosphate, fluoropolymer, rubber, fluoro, digidrataciya, apatite, phosphoric acid, phosphogypsum.

ӘОЖ 638.422

Х.Р. Садиева¹, А.М. Айдаралиева², Г.А. Исакова²,
І.Ғ. Жетібай³, Н.Ж. Төтенова³

¹Техн. ғылымдарының канд., доцент, ²Магистрант, ³Студент
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы, ҚР

ЖЕМДІК ФОСФАТ ЦЕХЫНДАҒЫ ФТОРҚҰРАМДЫ ҚАЛДЫҚТАРДАН ФТОРОРГАНИКАЛЫҚ ЗАТТАР АЛУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУ

Фосфориттерді өңдеу кезінде пайда болатын фторқұрамды қалдықтарды бөліп алу технологиясы сипатталған. Алынған фосфатты қалдықтардың құрамынан алюминий, темір, кальций, магний оксидтерінің пайыздық мөлшері анықталған. Оксидтік қосылыстарды бөліп алып, қалдықсыз технология жасау үшін пайдалану мүмкіндігі баяндалған.

Түйін сөздер: фосфорит, газдық фаза, жартылай гидраттау, қалдықсыз технология, фторқұрамды балқыма, ИК спектроскопиялық әдіс.

Әртүрлі әдістер мен әртүрлі сатыда апатит пен кальций сульфатының кристаллизациясы (соданы қоспай) және екі сатыны да бөлмей алынған мәліметтер көрсетілген. Бірінші жағдайда, 35,5 және 45% P₂O₅ қышқыл концентрациясы газдық фазада 10 және 42% фторға өтеді (фосфор қышқылына 73 және 29%, ал фосфожартылай гидратына 17 және 29%). Екінші жағдайда 35-38% және 40-44% P₂O₅ қышқылды алуда газдық фазада 13-18 және 34-35% фтор өтеді (фосфор қышқылына 62-70 және 40-44%, ал фосфожартылайгидратында 17-22 және 22-25%) [1].

ВХК-НИИХиммаштың қоспалармен жұмысында 35-38% P_2O_5 қышқыл концентрациясын алуға күкірт қышқылын пайдаланғанда фтордың негізгі мөлшері (жалпы шығымнан 47-80% газдық фазада) вакуум-буландырғышта бөлінеді.

Тәжірибелік жартылай өндірістік жағдайда 105-112 $^{\circ}C$ температурада ангидритті әдіспен қышқылды алғанда (42-47% P_2O_5 және 4,5-5,5% SO_3) газға кіріктірілген апатитті концентраттармен бірге 70-75% F бөлінеді.

Tole bi – Koshenei	706	821	4	4	2175	6108	0,36
Tole bi – Abai	878	630	4	4	1210	6032	0,2
Tole bi – Koigeldy	630	878	4	4	2370	6032	0,4
Tole bi – Zhambyl	875	587	4	1	1740	4087	0,43
Tole bi – Turysov and Tole bi – Ulbike Akyn	1124	349	4	1	1625	4845	0,34
Tole bi – Ryskulov and Tole bi – Ryspek Batyr	875	608	4	1	1545	4108	0,36
Tole bi – Al-Farabi	875	608	4	1	1500	4108	0,37
Tole bi – Mirzojan	875	587	4	2	1770	4674	0,36

It is offered to equip 3 junction underground pedestrian crossings to separate the conflicting vehicles and pedestrian traffic and reduce delays of vehicles. These are the crossings at the intersection of the following streets: Tole bi and Abai avenues, Tole bi avenue and Kolbasshy Koygeldy street, Tole bi and Zhambyl avenues [3].

Table 3

Technical and economical specifications of the project

The name of parameter	Symbol	Measuring unit	The value of parameter	
			Before optimization	After optimization
The length of the considered section of the avenue	L_t	m	2100	2100
The length of the section with system of coordinated regulation	L_{scr}	m	1070	1070
Road accident value in 2013-2014 years	n_a	un.	94	
Average yearly traffic	N	aut./day	53622	53622

Material losses of road accidents	$\dot{I}_{\text{ан}}$	KZT	39823666,6	-
Traffic speed	V	km/h	45	50
Yearly expenses	C	KZT	-	55000
Investments for optimization	K	KZT	-	17358850
Yearly economical effect	\mathcal{E}_0	KZT	-	14791743,95
Pay-back period	T	year		1,17

Conclusions:

1. Implementation of the coordinated regulation at the Tole bi avenue (from the Turysova street to the Al-Farabi street) reduces by 20% the number of pedestrian collisions and more than 30% increase in the rate of traffic about the same decrease delays of vehicles make.

2. Construction of underground pedestrian crossings will reduce the delays of vehicles by 30%.

3. The feasibility studies of the project developments improving the traffic organization on the avenue of Tole bi have been executed.

REFERENCES

1. Кременец, Ю.А. Технические средства регулирования дорожного движения [Текст] / Ю.А. Кременец, М.П. Печерский. – М.: Транспорт, 2005. – 256 с.
2. Луканин, В.Н. Промышленно-транспортная экология [Текст] / В.Н. Луканин, Ю.В. Трофименко. – М.: Высшая школа, 2001. – 273 с.
3. Семернин, Н.А. Улучшение экологической обстановки на улице Абая в городе Таразе Жамбылской области [Текст] / Н.А. Семернин, А.Н. Семернин, Д.А. Рашитов, А.Т. Бекболова // Механика и технологии. – 2013. – №3. – С. 89-98.

Material received 21.09.15.

Н.А. Семернин, А.Н. Семернин, О.Б. Балжанбаев

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы, ҚР

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДАҒЫ КӨШЕ-ЖОЛ ТОРАПТАРЫНДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҰСЫНЫСТАРЫ

Мақалада Тараз қаласындағы нақты көше-жол торап бөлігіндегі көлік және жүргіншілер қозғалысын ұйымдастыру зерттелген. Зерттеу нәтижесінде Төле би даңғылының жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныс дайындалды. Қарастырып отырған көше-жол торап бөлігінде бағдаршам жұмысының режимін реттеудің координациялық жүйесін, жол қозғалысын ұйымдастыруда қосымша техникалық құралдарды орналастыру және үш көше қиылысын жерасты жүргіншілер өткелімен жабдықтау ұсынылды. Ұсынылған іс-шараларды енгізуге дейінгі және енгізілгеннен кейінгі жобаның техника-экономикалық көрсеткіштері келтірілген.

Түйін сөздер: көлік қозғалысы, жол торабы, көлік кептелісі, жол қозғалысы, жол қиылысы, қиылыс, жаяу жүргіншілер қозғалысы.

Н.А. Семернин, А.Н. Семернин, О.Б. Балжанбаев

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, РК

РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ ДВИЖЕНИЯ НА УЛИЧНО-ДОРОЖНОЙ СЕТИ ГОРОДА ТАРАЗ

В статье приведены результаты исследования по организации дорожного движения автомобилей и пешеходов на конкретном участке улично-дорожной сети города Тараза. В результате исследования разработаны рекомендации по совершенствованию организации дорожного движения по проспекту Толе би. Для данного участка улично-дорожной сети предложена система координированного регулирования режимов работы светофоров, расстановка дополнительных технических средств организации дорожного движения и оборудование трех перекрестков подземными пешеходными переходами. В заключении приведены технико-экономические показатели проекта до и после внедрения предлагаемых мероприятий.

Ключевые слова: транспортное движение, улично-дорожная сеть, дорожная пробка, дорожное движение, перекресток, пересечение, движение пешеходов.

СТРОИТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

ӘОЖ 691.175

А.А. Құндызбаев¹, К.Т. Сұлтанаев², А.Т. Қырғызбаев²¹Магистрант, ²Техн. ғылымдарының канд., доцент
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.**ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ПОЛИМЕРЛІК
КОМПОЗИТТЕРДІ ҚОЛДАНЫП КҮШЕЙТУ**

Мақалада полимерлік композиттердің көмегімен темірбетон конструкцияларын күшейту жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: темірбетон, технология, композит, көміртегі, талшық, шыныталшық, пластик.

Құрылыс нарығының сараптамасы көрсеткендей, соңғы уақытта жаңа ғимараттар мен құрылымдардың көптеп салуына байланысты, құрылыс көлемі ұлғаюда. Қайта қалпына келтіру жұмыстары тұрғын үйлермен қоса, әкімшілік, ойын-сауық ғимараттары және сәулет ескерткіштеріне де қатысты жүргізуді қажет етеді. Мысалы, қазіргі кезде индустриалды дамыған елдерде жаңа құрылыстар мен бұрынғы ғимараттарды қайта жөндеу жұмыстарының инвестициясы теңесіп отырғаны байқалады [1].

Темірбетон конструкцияларын күшейту қажеттілігі реконструкция және техникалық қайта жабдықтаудан туындайды, сонымен қатар физикалық тозуынан, соның ішінде, материалдың коррозияға ұшырауы, конструкцияның сапасыз дайындалуы, өндірістің технологиясының сақталмауы болып табылады. Осы факторлардың барлығы ғимарат элементтерінің құрылыс нысандарының қауіпсіздігіне әкеліп соқтырады [3].

Күрделі жөндеу жүргізу және темірбетон конструкцияларын күшейту үшін ғимаратқа және оның жеке түйіндеріне алдын ала диагностика жасауды қажет етеді.

Диагностика жасау және техникалық зерттеу конструкциялардың геометриялық параметрлерін, материалдың қасиетін анықтау үшін жасалады. Темірбетон конструкцияларын диагностика жасау кезінде оның тозу деңгейі мен тозу себебі анықталады. Заманауи құрылғылардың көмегімен диагностика жасап, құрылыс материалдарының конструкцияларының бұзылмауын қадағалауға мүмкіндік туындайды.

Сонымен, жөндеу жұмыстарының сұранысы көбейген кезде, еңбек өнімділігінің және еңбек ақысының жұмысы жаңа технология мен заманауи материалдарды қолдануға мәжбүр етеді.

Көп жылдардан бері темірбетон конструкциясының негізгі әдісі, олардың қималарын күшейту, қосымша элементтерді қосу арқылы ұлғайту, конструкцияларды жеңілдету, конструкцияның геометриялық және сызбалық есептерін өзгерту және т.б. әдістерін қолдану болып келеді. Бірақ, бұл әдістердің кемшіліктері жоқ емес. Бұған конструкцияның салмағының

үлкендігі, күшейту элементтерінің технологиялық монтаждауының қиындығы, еңбек қауіпсіздігі талабының қаталдығы, күшейту жұмыстарының ұзақтығы жатады, сондай-ақ нысанның эксплуатациясын тоқтатуға және қаржы шығынына әкеліп соқтырады.

Көптеген жылдар бойы аэрокосмос және әуе өнеркәсібінде көміртегі, арамид, полиэфир және шыныталшық сияқты композициондық материалдар қолданылды. Бұлардың артықшылықтары ретінде олардың тартылуға, майысуға төзімділігін, аз салмағын, технологиялылығын, қоршаған ортаға төзімділігін, кез келген форманы қайталауын жатқызуға болады. Композициондық материалдардың дәстүрлі әдістермен салыстырғандағы артықшылығы – олардың жеңіл тасымалдануы, күшейту элементтерінің керекті өлшемдерде жұмыс орындарында дайындалуы, жоғарғы бетті қажетті қисықтармен күшейту мүмкіндігі болып табылады.

Сыртқы композитті темірлеу жұмысы қымбат болып есептеледі, бірақ кей жағдайларда төзімділік көрсеткіштері мен шаршау қарсыластығы бойынша басқа әдістерді қолдану мүмкіндігі болмайды. Мысалы, көмір бұл сипаттамалары бойынша талшықты болатқа қарағанда екі есе артық.

Фибраарматуралық пластик – беріктігі жоғары, сызықты төзімді материал, темірбетон конструкциясын сыртқы темірлеу болатты элементтің күшейту баламасы болып табылады.

Темірбетон конструкцияларын жөндеу үшін лент, холст элементтері қолданылады. Бірақ, соңғы жылдары холст және полос композициялық материалдардан басқа, тегіс және бүдірлі арматура, сым, арқан, тұтам, қаңқа жасалады. Бұл композициялық материалдар жаңа құрылыстарда көптеп қолданылады [4].

Композициялық материалдардың физикалық-механикалық қасиеттерін талшық санымен, көлденең қимасына бөлінуімен, талшық көлемінің қатынасымен, композиттегі полимерлермен анықтайды. Құрылыста қолданылатын талшықты композициялық материалдардың механикалық қасиеттері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Талшықтың физикалық-механикалық қасиеттері

Фибра түрі	Тартуға төзімділігі, МПа	Майысу модулі, ГПа	Ұзарту деформациясы, %	Тығыздығы, т/м ³
Жоғары берікті көміртегі	3400-3900	200-250	1,5-2,5	7,75-1,95
Жоғары модульді көміртегі	2900-4000	300-700	0,45-1,2	1,75-1,95
Жоғары берікті арамид	3500	75	4,6	1,4
Жоғары модульді арамид	2900	110	1,5-2,4	1,4
Әйнек	21-74	3000-3500	2,0-4,3	2700
Жоғары берікті әйнек (С түрі)	75-88	4300-4900	4,2-5,4	2500
Әмбебап әйнек (Е түрі)	21-74	3400-3700	3,3-4,8	2600

Сызықты температуралық ұлғаю (СТҰ) коэффициенті композициялық материалдың талшықтың түріне, қара майдың және фибраның көлемді құрамына тәуелді. Тігінен және көлденең бағыттағы жасалатын арматуралық композиционды материалдың СТҰ коэффициенті 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2

Темірлеу композитінің температурада ұлғаю коэффициенті

Бағыты/арамидалық материал	Шыныталшық с.т.ұ.к., $10^{-6}/^{\circ}\text{C}$	Көміртегі талшығы с.т.ұ.к., $10^{-6}/^{\circ}\text{C}$	Арамидті талшық с.т.ұ.к., $10^{-6}/^{\circ}\text{C}$
тігінен, α_L	6-10	от – 1 до 0	от – 1 до 0
көлденең, α_T	19-23	22-50	60-80

Кестеде көрсетілген фибра түрлерінің бүгінгі күнде құрылыстағы ең көп тараған түрі – шыныпластик, себебі ол ең арзан композициялық материал болып табылады. Шыныталшықтың негізгі кемшілігі – қысымының үлкендігі және майысу модулінің төмендігі.

Базальтты талшыққа табиғатта ең жақын әрі арзан табиғи минерал шыны болып келеді, бірақ оның құрамы тұрақты емес.

Темірлеу талшығының келесі түрі – көміртегі. Ол шыныталшықтың үлкен қысымы және майысу модулі сияқты кемшіліктерін жоюға арналған. Көміртекті талшықты полимерлік полиакрилонитролдан, вискозды талшықтан алады. Арнайы көп сатылы термиялық өңдеу кезінде жоғары (2000°C және одан жоғары) температурада полимерлік талшық карбонизациялау мен графитизациялау үрдістерінен өтеді, сол себепті талшық тек көміртегінен тұрады және термоөңдеуге байланысты оның әртүрлі қасиеті болады.

Көміртекті талшықтар үздіксіз өңделуде, беріктігі мен қатандығы жоғарылауда, құрамы көбеюде. Бұл талшықтың бағасын арзандатудың бір жолы – мұнай және басқа да (ауыр полижұпарлы қоспа) өндірілген өнім ретінде қолдану мүмкіндігі. Көміртекті талшық пен композиттер терең қара түсті болады және электрді жақсы өткізеді, оның қолдану шегін азайтады.

Қысылған элементтерді дәстүрлі әдіспен күшейткенде болат скобаны және болат профильді анкерлі бекіткіш арқылы орнатады, ал сыртқы көміртекті талшықты темірлеу элементтерді қолданғанда бекітеді.

Көміртекті талшықты элементтерді сыртқы темірлеуде пайдаланғанда, тас конструкцияларының күшін, тұтастығының аз мөлшерде бұзылуын бақылауға болады. Бұл қайта жөндеуден өткізіліп жатқан ғимараттарға да қатысты.

Тас қабырғаларын күшейту, іргетастың шөгуі салдарынан технологиялық жырларды, терезе орындарын күшейту – бұл өзекті мәселе. Мұндай конструкцияларды күшейтудің дәстүрлі шешімі – болат скоба және жеке орындарда қабырғада болат профилді анкер арқылы орнатып, қоспамен жабу. Көміртекті талшықты сыртқы арматуралық элементтерін қолданып, жоғарыда көрсетілген конструкцияларды күшейту, анкерді орнату, көп мөлшерді материалдарды қолданудан және бұзылмаған жерлерді қайта жөндеуден сақтайды.

Көміртекті талшықты элементтерін сыртқы арматуралауды қолдану аумағы алдын ала тартылған элементтер болып табылады. Алдын ала тартылған элементтер сыртқы темірлеудің қолдану аумағын жоғарылатады.

Сыртқы темірлеу элементтерінен тарту кезінде көміртекті талшықты көтеру мүмкіндігі күшейеді және беріктігі артады [4].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Соловей, Ю.М. Құрылыс жұмыстарының негіздері [Текст] / Ю.М. Соловей. – М.: Баспахана, 1989. – 429 б.
2. Буга, П.Г. Азаматтық, өндірістік және ауылшаруашылық ғимараттар [Мәтін] / П.Г. Буга. – М.: Жоғарғы мектеп, 1987. – 352 б.
3. Степанова, В.Ф. Бетонның коррозияға қарсы жабынындағы негізгі сапа көрсеткіштері мен бағалау критерийін таңдау [Мәтін] / В.Ф. Степанова, С.Е. Соколова, А.Л. Полушкин // Құрылыс материалдары. – 2000. – №1.
4. Михайлов, К.В. Полимербетон және оның негізіндегі конструкциялар [Мәтін] / К.В. Михайлов, В.В. Патуроев, Р. Крайс. – М., 1989. – 325 б.

Материал редакцияға 25.06.15 түсті.

А.А. Кундузбаев, К.Т. Султанаев, А.Т. Киргизбаев

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз

УСИЛЕНИЕ ЖЕЛЕЗОБЕТОННЫХ КОНСТРУКЦИЙ ПУТЕМ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВЫСОКОНАПОЛНЕННЫХ ПОЛИМЕРНЫХ КОМПОЗИЦИЙ

Рассмотрены вопросы усиления железобетонных конструкций с помощью полимерных композитных материалов.

Ключевые слова: железобетон, технология, композит, углерод, волокно, фибрастекло, пластик.

A.A. Kunduzbayev, K.T. Sultanayev, A.T. Kirgizbayev

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

STRENGTHENING OF FERROCONCRETE DESIGNS BY USING THE HIGH-FILLED POLYMERIC COMPOSITIONS

Issues of strengthening of reinforced concrete structures using polymer composite materials are considered.

Keywords: reinforced concrete, technology, composite, carbon, fiber, fiber, glass, plastic.

УДК 691.54

Г.М. Баялиева¹, С.Қ. Нурпейісов¹, Н.Т. Қарабаев², С.Ж. Тәттібаев³¹Техн. ғылымдарының канд., доцент, ²Магистр, ³Магистрант
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы**ЖЕРГІЛІКТІ ШИКІЗАТ ПЕН ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАР
НЕГІЗІНДЕГІ ШЫНЫБАЙЛАНЫСТЫРҒЫШТАР**

Қазақстан Республикасының өндіріс қалдықтары негізіндегі шыныбайланыстырғыш материалдарды алу технологиясы мен зерттеу нәтижелері ұсынылған.

Түйін сөздер: домналық шлак, фосфорлы шлак, барханды құм, силикат-натрийлі шыны, шыныбайланыстырғыш.

Нарықтық экономикаға өту жағдайларында құрылыста материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін жоғарылату мәселелері өзекті болып табылады. Өндіріске қоршаған ортаны қорғау іс-шараларының тиімді атқарылуын қамтамасыз ететін, ілгері дамыған қалдықсыз және азқалдықты технологиялық тәсілдердің енуі маңызды сұрақтардың бірі болып табылады.

Байланыстыру үшін шикізат ретінде фосфорлық және домналық шлактар, ГРЭС, ТЭС күлдері, сонымен бірге далалық (бархандық) және өзендік құмдар сияқты табиғи материалдар пайдаланылады.

Қабырғалық материалдар алу күйдіру, энерго сыйымдылық процесі, бұйымды булау немесе автоклавты өңдеумен байланысты. Болашағы зор энергоүнемдеуші технологиялардың бірі шыныбайланыстырғыш болып табылады. Оны пайдалану арқылы құрғатушы технология көмегімен құрылыс материалын алуға болады [1, 2].

Шыныбайланыстырғыш алу мақсатында Жамбыл облысы, Алматы ГРЭС күлдерін, бинатын қолдану арқылы зерттеулер жүргізілді. Шикізат материалдарының химиялық құрамы 1-кестеде келтірілген.


Кесте 1

Шикізат материалдарының химиялық құрамы, %

Шикізат	SiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	CaO	MgO	Na ₂ O	P ₂ O ₅	F	MnO	K ₂ O	SO ₃
Фосфорлы шлак (ФШ)	68,9	11,49	1,84	6,7	1,6	3,61	-	-	-	1,74	0,03
Домналық шлак (ДШ)	87	7,5	3	0,5	0,5	10	-	-	-	0,5	-
Далалық (барханды) құм (БК)	40,67	2,88	0,14	47,4	4,31	0,98	2,02	1,2	-	-	-
Өзендік құм (ӨҚ)	57,2	10,9	0,4	42,8	5,7	0,2	-	-	0,64		0,8
Күл (К)	57,7	24,5	4,1	1,1	1,0	-	-	0,2	-	1,57	0,13
Силикатты-натрийлі шыны (СНШ)	74	0,6	0,6	0,4	-	25	-	-	-	-	0,12

Шикізат компоненті ретінде силикат-натрийлі шыны қолданған байланыстырғыш құрамын өңдеу үшін эксперименттер келесі кезектілікпен жүргізілді: шикізат материалдары кептірілді, 2500-3000 см²/г меншікті бетіне дейін зертханалық шарлы диірменде жергілікті ұнтақтаумен мөлшерленді.

Ұнтақталудан алынған куб-үлгілерді (50×50×50 мм) тербелту (вибрация) арқылы қалыпталды, содан кейін 3-5 сағат аралығында 100-200 °С-та кептірілді. Шыныбайланыстырғыш негізінде бұйымның технологиясы мен құрамын өңдеу үшін толтырғыш ретінде дала (барханды) құм, ал қоспа ретінде күл қолданылды. Байланыстырғыш пен толтырғыш арасында тиімді қатынас 1:2 және 1:3. Зерттеу нәтижелері көрсеткеніндей, жоғары көрсеткіштер дала (барханды) және өзендік құмдар негізінде орындалған үлгілерді сынау арқылы алынды (1-сурет). Сонымен зерттеу нәтижелерін талдау негізінде дайындалған технология көмегімен физикалық-механикалық қасиеттері жақсы, цементсіз байланыстырғыш алуға мүмкіндік беретінін көрсетті (2-кесте).



а) ФШ-СНШ-К байланыстырғышымен 1 үлгі,
ДШ-СНШ-К байланыстырғышымен 2 үлгі;
б) К- БҚ-СНШ-К байланыстырғышымен 3 үлгі,
ӨҚ-СНШ-К байланыстырғышымен 4 үлгі.

Сурет 1. Сығылу кезіндегі беріктік пен температура байланысы

Кесте 2

Шыныбайланыстырғыш негізінде бұйым қасиеттері

Байланыстырғыш құрамы, масс. %			Қалыптық ылғалды- лық, %	Орташа тығыздық, кг/м ³	Сығылуға беріктік R см, МПа	Жұмсарту коэффици- циенті
СНС	Кремнийқұрамды компонент	Күл				
5-10	Фосфорлы шлак 90-75	5-15	8-10	1620- 1640	12-19	0,58-0,6
5-10	Домналық шлак 90-80	5-10	8-11	1730- 1750	16-22	0,6,-0,65
-15	Далалық (барханды) шлак 90-70	5-15	8-10	1900- 2150	18-42	0,75- 0,85
5-15	Өзендік құм 85-70	10-15	8-11	1950- 2100	20-42	0,7-0,8

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Глуховский, В.Д. Грунтосиликаты [Текст] / В.Д. Глуховский. – Киев, 1959. – 90 с.
2. Горлов, Ю. Жаростойкий высокоглиноземистый бетон на силикат-натриевом вяжущем [Текст] / Ю. Горлов, П. В.А. Чеченов, Б.Д. Тотурбиев // Бетон и железобетон. – 1986. – №10. – С. 6-8.

Материал редакцияға 05.06.15 түсті.

Г.М. Баялиева, С.К. Нурпеисов, Н.Т. Карабаев, С.Ж. Таттибаев

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, РК

**СТЕКЛОВЯЖУЩИЕ НА ОСНОВЕ МЕСТНОГО СЫРЬЯ
И ОТХОДОВ ПРОИЗВОДСТВ**

Представлены результаты исследований и технология получения стекловяжущих материалов на основе отходов промышленности Республики Казахстан.

Ключевые слова: доменный шлак, фосфорный шлак, барханный песок, силикат-натриевое стекло, стекловяжущее.

G.M. Bayaliev, S.K. Nurpeisov, N.T. Karabaev, S.J. Tattibaev

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

**GLASS CEMENTS ON THE BASIS OF LOCAL RAW MATERIALS
AND WASTE PRODUCTS**

The research results and technology of glass cements based on local raw materials and waste products of industry of the Republic of Kazakhstan are presented.

Keywords: blast furnace slag, phosphorus slag, barchan sand, sodium silicate glass, glass cements.

ФИЗИКА

ӘОЖ 539.1

Т. Бижігітов¹, Е. Гудеклі², А. Сембиева³

¹Ф.-м.ғ.к., профессор, ²Профессор, ³Оқытушы
^{1,3}Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз, ҚР
²Стамбул мемлекеттік университеті, Стамбул, Түркия


СҰЙЫҚТАРДЫҢ АДИАБАТАЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІНІҢ ТЕМПЕРАТУРАҒА ТӘУЕЛДІЛІГІН ЗЕРТТЕЙТІН ҚОНДЫРҒЫ

300 К - 390 К температура аралығында сұйықтардың адиабаталық коэффициенттерінің температураға тәуелділігін акустикалық тәсілмен зерттейтін автоматтандырылған қондырғы сипатталған.

Түйін сөздер: сұйықтардың адиабаталық коэффициенттері, пьезоэлементтер, ультрадыбыс.


Қазіргі таңда ультрадыбыстың сұйықтарда, ерітінділерде таралу жылдамдығына арналып жазылған монографиялар мен ғылыми мақалалар көп болғанымен [1] жылдамдықтың температураға тәуелділігін зерттейтін қондырғылардың саны шамалы. Газдардың, сұйықтардың, қатты денелердің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеуде олардағы дыбыс толқындарының жылдамдықтарының температураға тәуелділігін тәжірибе жасау арқылы анықтаудың теориялық және практикалық маңызы зор. Сонымен қатар серпімді кума толқындардың сұйықтардағы [2] таралу механизмдеріне талдаулар жасау тәсілдерінің басқа әдістермен салыстырғанда артықшылықтары бар. Заттардағы серпімді толқындардың жылдамдығының температураға тәуелділігін анықтау, олардың физикалық қасиеттерін сипаттайтын параметрлерін белгілі формулаларды пайдаланып есептеуге мүмкіндік береді. Қандай да бір температурада сұйықтардағы дыбыс жылдамдығы белгілі болса, оның сығылғыштығы, жылусыйымдылығы, тұтқырлығы және ішкі құрылыс туралы мағлұматтар алып, тәжірибеде жүзінде қолдануларына теориялық сілтемелер мен сараптамалар жасай аламыз.

Зерттеу жүргізілген сұйықтардағы ультрадыбыс жылдамдығы қарапайым және қолайлы импульсті әдіспен өлшенді. Өйткені, бұл жағдайда ультрадыбыс толқындарын шығаратын және қабылдайтын бір пьезоэлектрлік [3] түрлендіргіш болып табылады. Ұсынылып отырған қондырғының жұмыс істеу принципі ұзындығы белгілі үлгідегі ультрадыбыс толқындарының тербелістерінің қабылдағышқа кешігіп келу уақытын осциллографтың көмегімен өлшеу әдісіне негізделген. Сұйықтардағы ультрадыбыс толқындарының жылдамдығының температураға тәуелділігін зерттейтін қондырғының блок-сұлбасы 1-суретте келтірілген.



Сурет 1. Ультрадыбысты қондырғының блок-сұлбасы


Қондырғының барлық өлшеуіш құралдарын синхронизациялайтын 27ИМ (1) калибратордың жіберетін импульстерінің жиілігі 2 кГц тең. Калибратордан шығатын ұзақтығы 0,8 мксек импульстер МГИ (2) және ығыстырылған импульстер (5) генераторларына келіп түседі. Көрінетін импульстер МГИ генераторынан 2кГц жиілікпен ұзақтығы 0,5-10 мксек реттелетін уақытпен 0-10 мксек аралығындағы уақытқа кешігіп, жоғарғы жиілікте жұмыс атқаратын (3) генераторға беріледі. Қондырғының стандартты емес бөлігі жоғарғы жиілікті генератордан (3) және қабылдағыштан (4) тұрады. Генератор берілетін импульстің жиіліктерін 28-30 МГц аралығында өзгерте аламыз. 5В амплитудалық импульстер кварцтен жасалған түрлендіргішке (6) және қабылдағышқа (4) беріледі. Пьезотүрлендіргіш ретінде қалыңдығының бағытында 30 МГц жиілікпен тербелетін кварцтан жасалған пьезоэлемент қолданылды. Пьезоэлемент пішіні диаметрі 20 мм, ұзындығы 100 мм цилиндр тәріздес сұйықтың жоғарғы табанына жанастырылады. Цилиндрлік ыдысқа құйылатын сұйықтың табандары параллель орналасуы үшін ол тік орналасуы қажет. Пьезоэлементтен жіберілген импульс үлгі арқылы таралып, цилиндрдің табанынан бірнеше рет шағылып, қабылдағышқа оралады. Қабылданып алынған сигналдар күшейтілгеннен соң осциллографтың экранынан (7) кешігіп келген импульстерді көреміз. Жіберілген импульстер мен шағылған импульстерді осциллографтағы уақытты анықтайтын бұранданы қолданып беттестіру арқылы кешігу уақытын анықтаймыз. Осциллографтың экранындағы импульстер 2-суретте көрсетілген.



а – үлгіден шағылған импульстер; ә – үлгіден шағылған импульстер калибровка жасалған белгімен беттестірілген.

Сурет 2. Осциллографтың экранында байқалатын импульстер сериясы

Зерттелетін үлгінің температурасын реттеп қадағалайтын қондырғының сұлбасы 3-суретте көрсетілген.



Сурет 3. Зерттелетін үлгінің температурасын өзгертетін автоматтандырылған қондырғы

Сұйықтық жылу оқшаулайтын өте жоғары шыны тексолиттің (2) ішінде орналасқан. Оның температурасы мыс – константан (2) терможұбы арқылы өлшенеді. Терможұп температура реттегішпен (8) және қыздырғышпен (9) байланысқан. Ультрадыбыс жылдамдығын өлшеу әрбір 5 с сайын іске асырылып отырады. Температура реттегіштің шкаласын бізге қажетті температураға қойып, қыздырғышты іске қосамыз. Үлгінің температурасы керекті температураға жеткен кезде температура реттегіш қыздырғышты тоқ көзінен айырады, ал температура төмендей бастағанда қайта іске қосады. Осы әдіс арқылы зерттеліп отырған сұйықтықтың температурасын дәлдікпен тұрақты етіп ұстап тұра аламыз. Нихромнан жасалған қыздырғыш спираль шыны тексолит ұяшықтың (7) төменгі жағына (4) бекітілген. Пьезоэлемент үлгінің бетін жабатын шыны тексолит қақпақшаның (6) ұшындағы үлгімен жақсы жанасатындай етіліп орналастырылып (5), ажыратқыш (7) арқылы ультрадыбыс қондырғыға қосылған.

Ұсынылып отырған қондырғы қарапайым, қолдануға өте ыңғайлы және сенімді екендігі өлшеу жұмыстарын жүргізу барысында дәлелденді.

Зерттеу жұмыстары екі рет дистилляцияланған суда, бензолда, бромбензолда, нитробензолда 300 К – 400 К температура аралығында жүргізіліп, адиабаталық сығылғыштықтары есептелінді. Аталған үлгілердің тығыздықтарының температураға тәуелділіктері анықтамалардан алынды. Ультрадыбыстың сұйықтардағы жылдамдығының тәжірибе жүзінде анықталған және сығылғыштығының есептелген температураға тәуелділіктері 1-4 кестелерде келтірілген.

Кесте 1

Бензол			
T, К	$\rho, \frac{г}{см^3}$	C, м/с	$\beta_s \cdot 10^6 атм^{-2}$
300	0,8788	1338	64,4
310	0,8680	1275	70,8
320	0,8569	1229	77,1
330	0,8461	1184	84,1
340	0,8450	1152	90,6
350	0,8445	1090	95,3
360	0,8439	1055	99,7
370	0,8431	1042	108,3
380	0,8425	1011	115,4
390	0,8416	976	128,6

Кесте 2

Бромбензол			
T, К	$\rho, \frac{г}{см^3}$	C, м/с	$\beta_s \cdot 10^6 атм^{-2}$
300	1,4955	1210	45,6
310	1,4823	1167	49,4
320	1,4689	1145	51,9
330	1,4392	1118	53,2
340	1,3981	1107	56,7
350	1,3360	1092	58,1
360	1,2240	1081	63,2
370	1,1552	1072	67,4
380	1,1033	1059	72,5
390	1,0221	1042	76,8

Кесте 3


Нитробензол			
T, К	$\rho, \frac{г}{см^3}$	C, м/с	$\beta_s \cdot 10^6 атм^{-2}$
300	1,1930	1525	35,0
310	1,2032	1519	36,5
320	1,1933	1478	38,3
330	1,1834	1451	40,6
340	1,1729	1428	41,8
350	1,1590	1405	45,8
360	1,1452	1391	46,9
370	1,1283	1352	47,4
380	1,1165	1260	49,8
390	1,1080	1152	50,9

Кесте 4


Екі дистилляцияланған су

T, K	$\rho, \frac{\text{г}}{\text{см}^3}$	C, м/с	$\beta_s \cdot 10^6 \text{ атм}^{-2}$
300	1,00347	1267	70,72
310	1,00435	1218	81,70
320	1,00782	1163	91,58
330	1,01207	1104	104,0
340	1,01705	1042	119,9
350	1,02270	978	140,4
360	1,02899	909	130,6
370	1,02950	835	125,7
380	1,03505	757	120,3


Тығыздық, ультрадыбыс жылдамдығының, адиабаталық сығылғыштықтың қарастырылған сұйықтар үшін графиктері төменде келтірілген.




Бензолдағы ультрадыбыс жылдамдығының температураға тәуелділігі




Бензолдың сығылғыштық коэффициентінің температураға тәуелділігі




Бромбензолдағы ультрадыбыс жылдамдығының температураға тәуелділігі




Бромбензолдың сығылғыштық коэффициентінің температураға тәуелділігі




Нитробензолдағы ультрадыбыстың температураға тәуелділігі



Нитробензолдың сығылғыштық коэффициентінің температураға тәуелділігі



Екі рет дистилляцияланған судағы ультрадыбыс жылдамдығының температураға тәуелділігі



Судың сығылғыштық коэффициентінің температураға тәуелділігі

Қондырғыны пайдаланып алынған нәтижелер бұрынғы авторлардың [4], [5] бөлме температурасындағы нәтижелерімен сәйкес келетіндіктен, қондырғыны физика-математика, химия-биология бағыттарындағы білім алатын студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Исакович, М.А. Общая акустика [Текст] / М.А. Исакович. – М.: Наука, 1973.
2. Гимис, М.Б. Измерение температурной зависимости скорости звука в твердых образцах малых размеров [Текст] / М.Б. Гимис, И.Г. Михайлов, В.А. Шутилов // Акустика. – 1969. – №15. – С. 25.
3. Гершагал, Д.А. Ультразвуковая технологическая аппаратура [Текст] / Д.А. Гершагал, В.М. Фридман. – М.: Энергия, 1976.
4. Яковлев, В.Ф. Применение ультразвуки к исследованию вещества [Текст] / В.Ф. Яковлев // МОПИ. – вып. 1, №79. – 1955.
5. Михайлов, И.Г. Распространение ультразвуковых волн в жидкостях [Текст] / И.Г. Михайлов. – М.: Гостехиздат, 1949.

Материал редакцияға 28.10.15 түсті.

Т. Бижигитов¹, Е. Гудекли², А. Сембиева¹

¹Таразский государственный педагогический институт, г. Тараз, РК

²Стамбульский государственный университет, г. Стамбул, Турция

УСТАНОВКА ДЛЯ ИССЛЕДОВАНИЯ ТЕМПЕРАТУРНОЙ ЗАВИСИМОСТИ АДИАБАТИЧЕСКИХ КОЭФФИЦИЕНТОВ ЖИДКОСТЕЙ

В статье описана экспериментальная установка для изучения адиабатических коэффициентов жидкостей в интервале температур 300 К - 390 К.

Ключевые слова: адиабатические коэффициенты жидкостей, пьезоэлемент, ультразвук.

T. Bizhigitov¹, E. Gudekli², A. Sembiyeva¹

¹Taraz State Pedagogical Institute, Taraz, Kazakhstan

²Istanbul University, Istanbul, Turkey

THE DEVICE WHICH MEASURES THE DEPENDENCE OF ADIABATIC COEFFICIENTS OF LIQUID TO THE TEMPERATURE

This article describes the automatized device which measures the dependence of adiabatic coefficients of liquid between 300 K and 390 K to the temperature by acoustical method.

Keywords: adiabatic coefficients of liquid, piezo elements, ultrasound.

ӘОЖ 539.1

Т. Бижігітов¹, Е. Гудеклі², А. Сембиева³

¹Ф.-м.ғ.к., профессор, ²Профессор, ³Оқытушы
^{1,3}Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз, ҚР
²Стамбул мемлекеттік университеті, Стамбул, Түркия


СҰЙЫҚТАРДЫҢ ТҮТҚЫРЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІНІҢ ТЕМПЕРАТУРА МЕН МАГНИТ ӨРІСІНЕ ТӘУЕЛДІЛІГІ

Мақалада сұйықтардың тұтқырлық коэффициенттерінің температура мен магнит өрісіне тәуелділігін зерттейтін автоматтандырылған қондырғы жинастырылып, тәжірибелік маңызы өте зор алынған параметрлердің тәуелділіктері графиктер арқылы келтірілген.

Түйін сөздер: сұйықтардың тұтқырлық коэффициенті, магнит өрісінің кернеулігі.

Сұйықтардың тұтқырлық коэффициенттерінің температура мен магнит өрісінің кернеулігіне тәуелділігін білу арқылы осы параметрлердің белгілі бір мәндерінде сұйықтардың ағыстарының жылдамдықтары мен оларды қозғалатын денелерге әсер ететін күштердің өзгерістерін физикадан белгілі формулаларды қолданып [1] есептей аламыз. Мақалада температура мен магнит өрісінің кернеулігін арттыру немесе кеміту арқылы сұйықтардың және ерітінділердің тұтқырлығын көбейтіп азайтуға болатындығы анықталды. Алынған нәтиженің тәжірибелік маңызы өте үлкен. Мысалы, магнит өрісін қолданып сұйықтардың ағындарының жылдамдықтарын арттыруға немесе кемітуге болады. Яғни, магнит өрісі арқылы сұйықтардың ағындарын (сұйықтарды қоюландыру немесе сұйылту) басқара [2] аламыз.

Зерттеу жұмысын жүргізу мақсатында жинастырылған қондырғының құрылысы 1-сызбада көрсетілген. Қондырғы мынандай бөліктерден тұрады: аяғы бар жазық тақта (1), штатив бекітілген бұранда (2) (тақтаның аяғының көмегімен оған орнатылған сұйығы бар түтікше арқылы тақтаның горизонталь немесе штативтің тік орналасуын қамтамасыз етеміз), штатив (3), штативке (4) өзекшені бекітетін құрал, кварцтан (10) жасалған түтікшеге сұйықты құятын құйғыш (5), қондырғының қалған бөлігін өзекшеге бекітетін құрал (6), мыс сым оралған [3] катушка (7), зерттелетін сұйықты жылу бойынша оқшаулайтын шынытекстолит (8), сұйықты жылытатын кварц түтікшеге оралған нихром сымы (9), түтікшеге құйылған сұйықты ағызбайтын тығын (11), сұйық (13), ыдыс (12), зерттелетін сұйықтың температурасын өлшейтін мыс – константаннан (14) жасалған терможұп. Сұйықтың тұтқырлығы әрбір 10 °С сайын және осы температураларға сәйкес әрбір 5 А/м есептеліп отырды. Тәжірибе магнит өрісінсіз температураны өзгерту және керісінше, тұрақты температурада, магнит өрісінің кернеулігін өзгерту арқылы жүргізілді. Температура реттегіш (15) сұйықты қыздыратын (16) латрмен байланысқан. Қажетті температураны алу үшін латрда орналасқан бұранданы пайдаланып, тілді сол температура шкаласына қоямыз. Температура реттегіш қажетті температурадан жоғары бере бастағанда қыздырғыш өшіріледі, ал керекті температурадан кеми бастағанда қыздырғыш автоматты түрде іске қосылады, 17-латрдан нихромға тоқ беретін мыс сымы (17), катушкаға кернеу беретін латр (18).



Сурет 1. Сұйықтар мен ерітінділердің тұтқырлық коэффициенттерінің температураға және магнит өрісінің кернеулігіне тәуелділігін зерттейтін қондырғы

Кварц түтікшеден аққан сұйықтың құйылатын (12) ыдыстың белгісі бар. Зерттелетін ыдыстағы сұйықтың тең жартысы аққанда сұйықтың беті құйылатын ыдыста белгіленген деңгейге жетеді. Белгі алдын-ала тәжірибелер жасау арқылы алынған.

Тұтқырлықты есептеу $t=10^{\circ}\text{C}$ және келтірілген температураға сәйкес әрбір $H=5\text{A/M}$ өріс кернеулігінде жүргізілді. Катушкадағы кернеу $H = \frac{nJ}{\mu l}$

формуласымен есептеледі. Мұндағы, $l=0,5\text{m}$ катушканың ұзындығы, μ – ортаның магнит өтімділігі, $n=1000$ орам саны, J – амперметрмен өлшенетін катушканың орамынан өтетін ток күші. Зерттелетін сұйық құйылатын кварц түтікшенің ұзындығы 1m , радиусы $1,5 \cdot 10^{-2}\text{m}$.

Сұйықтардың тұтқырлық коэффициентінің өзгерісін табу үшін мына формула пайдаланылады:

$$\eta = \frac{\rho g \pi R^4 \tau}{8 l S \ln 2} = \frac{\rho g \pi R^4 \tau}{8 l \pi R^2 \ln 2} = \frac{\rho g R^2 \tau}{8 l \ln 2}$$

мұндағы: ρ – сұйықтың тығыздығы; $g=10\text{ m/s}^2$; $R=1,5 \cdot 10^{-2}\text{ m}$; $l=0,5\text{ m}$; $\ln 2 \approx 0,69$; τ – кварц түтікшеге құйылған сұйықтың жартысы аққанға кеткен уақыт.

Әртүрлі сұйықтардың тәжірибе жүзінде алынған тұтқырлық коэффициенттерінің температураға тәуелділіктері 1-3 кестелерде келтірілген.

Кесте 1

Cu						
T, K	t, c	$\eta[H \cdot c/m^2] \times 10^{-3}$	η_{opt}	H,	t, c	$\eta[H \cdot c/m^2] \times 10^{-3}$
300	91,40	1,02	1,03	5	100,60	2,50
	91,50	1,04		6	100,75	2,54
	91,55	1,01		7	100,25	2,60
	91,37	1,05		8	100,65	2,70
	91,38	1,03		9	100,50	2,80
310	89,60	0,98	0,96	15	110,60	3,25
	89,55	0,96		16	110,70	3,50
	89,62	0,97		17	110,65	3,65
	89,57	0,96		18	110,80	3,70
	89,53	0,97		19	110,75	3,80
320	86,10	0,90	0,86	25	115,80	4,50
	86,20	0,87		26	115,85	4,65
	86,00	0,85		27	115,90	4,70
	86,25	0,86		28	116,10	4,80
	86,15	0,87		29	116,00	4,90
330	81,20	0,80	0,75	30	117,10	5,15
	81,35	0,78		31	117,50	5,40
	81,40	0,80		32	117,40	5,40
	81,50	0,76		33	117,60	5,50
	81,53	0,77		34	117,65	5,75
340	76,50	0,75	0,76	35	118,10	6,25
	76,80	0,76		36	118,9	6,50
	75,90	0,75		37	119,0	6,70
	76,50	0,77		38	118,80	6,90
	76,45	0,76		39	118,60	7,10

Кесте 2

T, K	t, c	$\eta[] \times 10^{-3}$	η_{opt}	H,	t, c	$\eta[] \times 10^{-3}$
300	74.67	3.90	3.90	5	85,50	4.80
	74.41	3.95		6		4.85
	74.58	3.85		7		4.90
	74.78	3.90		8		4.95
	74.46	3.90		9		5.00
310	71.35	3.74	3.69	15		5.10
	71.74	3.70		16	5.20	
	71.54	3.65		17	5.25	
	71.61	3.70		18	5.30	
	71.64	3.70		19	5.34	
320	64.13	3.36	3.53	22		5.40
	64.25	3.40		23	5.45	
	64.51	3.45		24	5.55	
	64.51	3.39		25	5.60	
	64.41	3.38		26	5.70	


NaCl

330	62.42	3.20	3.25	34		6.10
	62.52	3.22		35		6.20
	62.60	3.25		36		6.30
	62.35	3.30		37		6.45
	61.59	3.30		38		6.55


Кесте 3

Глицерин


T, K	t, c	$\eta [\times 10^{-3}]$	η_{opt}	H,	t, c	$\eta [\times 10^{-3}]$
300	120,60	6,07	6,05	5	130,20	4,10
	125,70	5,93		6	130,25	4,20
	124,30	6,11		7	130,40	4,30
	123,40	6,15		8	130,45	4,15
	125,60	6,07		9	130,50	4,50
310	115,50	4,09	4,09	15	120,20	3,10
	115,60	4,09		16	120,20	3,10
	115,53	4,10		17	121,0	3,15
	115,70	4,10		18	121,30	3,30
	115,80	4,09		19	121,20	3,40
320	110,30	3,90	3,89	24	115,60	2,10
	110,40	3,89		25	115,65	2,30
	110,38	3,85		26	115,60	2,40
	110,43	3,89		27	115,70	2,45
	110,52	3,90		28	115,70	2,50
330	100,50	3,75	3,75	30	112,30	1,90
	100,55	3,70		31	112,35	1,95
	100,40	3,75		32	112,34	2,10
	100,62	3,79		33	112,40	2,20
	100,60	3,75		34	112,43	2,25
340	95,60	2,90	2,93	35	109,50	0,95
	95,50	2,90		36	109,40	1,10
	95,55	2,95		37	109,35	1,15
	95,65	2,94		38	109,45	1,25
	95,70	2,90		39	109,50	1,40




Сурет 1. Судың тұтқырлық коэффициенттерінің температураға тәуелділігі




Сурет 2. $T=300$ К температурадағы судың тұтқырлық коэффициентінің магнит өрісінің кернеулігіне тәуелділігі




Сурет 3. $T=340$ К температурадағы судың тұтқырлық коэффициентінің магнит өрісінің тәуелділігі




Сурет 4. NaCl тұтқырлық коэффициентінің температураға тәуелділігі




Сурет 5. $T=310$ К температурадағы NaCl тұтқырлық коэффициентінің магнит өрісінің кернеулігіне тәуелділігі




Сурет 6. $T=330$ К температурадағы NaCl тұтқырлық коэффициентінің магнит өрісінің кернеулігіне тәуелділігі



Сурет 7. Глицериннің тұтқырлық коэффициентінің температураға тәуелділігі



Сурет 8. $T=300$ К температурадағы глицериннің тұтқырлық коэффициентінің магнит өрісінің кернеулігіне тәуелділігі



Сурет 9. $T=340$ К температурадағы глицериннің тұтқырлық коэффициентінің магнит өрісінің кернеулігіне тәуелділігі

Келтірілген кестелермен тұрғызылған графиктерден зерттелген сұйықтардың тұтқырлық коэффициенттерінің шамасы температура артқанда ұлғаятындығын, ал тұрақты температурада магнит өрісі өскенде кемитіндігін көреміз. Графиктерді пайдаланып сұйықтардың физикалық қасиеттері туралы көп мағлұмат беретін активациялық энергияларын анықтауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бижігітов, Т. Жалпы физика курсы [Мәтін]: оқулық / Т. Бижігітов. – Алматы: Экономика, 2013. – 889 б.
2. Бижігітов, Б. Судың және мұз түрлерінің физикалық қасиеттері [Мәтін]: монография / Б. Бижігітов, Г. Жапарқұлова. – Алматы: Экономика, 2013. – 122 б.
3. Илюнина, К.К. Справочник по электроизмерительным приборам [Текст] / К.К. Илюнина. Л.: Энергатор, 1983.
4. Трофимова, Т.И. Курс физики [Текст] / Т.И. Трофимова. – М.: Высшая школа, 1985. – 380 б.

Материал редакцияға 28.10.15 түсті.

Т. Бижигитов¹, Е. Гудекли², А. Сембиева¹

¹Таразский государственный педагогический институт, г. Тараз, РК

²Стамбульский государственный университет, г. Стамбул, Турция

ЗАВИСИМОСТЬ КОЭФФИЦИЕНТА ВЯЗКОСТИ ЖИДКОСТЕЙ ОТ ТЕМПЕРАТУРЫ И МАГНИТНОГО ПОЛЯ

В статье описана автоматизированная установка для исследования коэффициентов вязкости жидкостей от температуры и магнитного поля. Приведены графики зависимости изучаемых параметров от температуры и магнитного поля.

Ключевые слова: коэффициент вязкости жидкости, напряжение магнитного поля.

T. Bizhigitov¹, E. Gudekli², A. Sembiyeva¹

¹Taraz State Pedagogical Institute, Taraz, Kazakhstan

²Istanbul University, Istanbul, Turkey

THE DEPENDENCE OF LIQUID VISCOSITY TO TEMPERATURE AND MAGNETIC FIELD

In this article shown very important graphics of parameters of the dependence of liquid viscosity to the temperature and magnetic field, which is taken by constructed automatized device.

Keywords: liquid viscosity, magnetic field strength.

Требования к оформлению статей для публикации в научном журнале «Механика и технологии»

В научный журнал «Механика и технологии» для публикации принимаются статьи, соответствующие следующим направлениям:

- механика твердого тела, сыпучих сред, грунтов, жидкости и газообразных веществ;
- технологии в сфере продуктов питания;
- технологии текстильного производства;
- технологии легкой промышленности;
- транспортной технологии;
- технологии строительных материалов и строительного производства;
- геотехнические технологии;
- технологии машиностроения;
- химической технологии;
- экологические технологии;
- технологии мелиорации и орошения;
- технологии информационно-коммуникационного обеспечения.

Для публикации в журнале принимаются статьи, оформление которых строго соответствует требованиям ГОСТ 7.5-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов». При этом библиографический список статей должен соответствовать требованиям ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».

Статьи, направляемые для публикации в журнале, должны включать в себя следующие элементы:

- индекс УДК;
- инициалы и фамилия автора (авторов) статьи;
- ученую степень, звание;
- место работы (название вуза, организации, город, страна);
- адрес электронной почты (e-mail) каждого автора;
- заглавие статьи;
- аннотацию;
- ключевые слова;
- основной текст статьи;
- список литературы;
- резюме и ключевые слова (на английском языке).

К научной статье прилагается рецензия на статью, написанная специалистом, ведущим исследования в области, близкой с тематикой статьи.

Основной текст статьи и все остальные ее элементы необходимо набирать в текстовом редакторе Microsoft Word на стандартной странице формата А4. Поля страницы: верхнее 3,0 см, нижнее 3,5 см, левое 5,5 см, правое 2,5 см. Шрифт – Times New Roman, кегль (кроме аннотации) – 11, цвет шрифта – черный, междустрочный интервал – 1 см, отступ первой строки абзаца – 1 см. Аннотация набирается шрифтом с кеглем 10.

Аннотация оформляется в соответствии с ГОСТ 7.9-95 «Реферат и аннотация. Общие требования». Аннотацию приводят на языке текста публикуемого материала. Рекомендуемый средний объем аннотации 5-7 предложений.

Резюме публикуется на двух языках, отличным от языка публикации (на английском и казахском языках, если статья на русском; либо на английском и русском языках, если статья на казахском) и помещается в конце статьи.

Рисунки и таблицы необходимо приводить непосредственно после ссылки на них, если это невозможно – с начала следующей страницы, следующей за ссылкой. Ссылки на рисунки или таблицы оформляются в сокращенном виде в круглых скобках, например (рис. 1 / табл. 1). Если ссылки на рисунки или таблицы являются частью предложения, то они приводятся без сокращения (например, «Результаты исследований представлены на рисунке 2»). Нумерация рисунков и таблиц сквозная. Не допускается к публикации рисунки плохого качества, нарисованные карандашом или ручкой. Схемы и диаграммы должны быть нарисованы, начерчены или построены на компьютере с использованием соответствующих программ и приложений, либо должны быть отсканированы с хорошим качеством.

Формулы оформляются в редакторе формул Microsoft Equation. Перед формулой и после нее необходимо оставить по одной пустой строке. Формулу необходимо приводить с абзачного отступа, а ее нумерацию – в конце соответствующей строки в круглых скобках. Если формула не помещается в одну строку, то ее необходимо переносить на следующую строку, соблюдая правила переноса.

Ссылки на литературу в тексте должны оформляться в квадратных скобках. Список литературы необходимо приводить в порядке упоминания их в тексте статьи и оформлять в соответствии с ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».

Журнал «Механика и технологии»:



Входит в реферативную базу данных Information Service for Physics, Electronics and Computing (INSPEC DIRECT) Института Инжиниринга и Технологий Великобритании.

<http://inspecdirect-service.theiet.org/private/home.aspx>

eLIBRARY.RU

Зарегистрирован в российской национальной библиографической базе данных научного цитирования РИНЦ

http://elibrary.ru/project_risc.asp

Подписной индекс журнала: 74714 (АО «Казпочта»-«Почтовый сервис»)